без надобности. В этом случае брошенные вещи движимые никаких последствий юридических не вызывают. Они утрачивают свое предназначение. Но если брошенное строение, т.е. недвижимое имущество, которое подлежит государственной регистрации, в этом случае местные исполнительные органы власти должны признать их бесхозными и передать в коммунальную собственность [5].

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ахметьянова З.А. Вещное право: учебник. / - М.: Статут, 2011. – 126 с.
2. Сулейменов М.К. Право собственности по новому гражданскому законодательству / Актуал. вопр. коммерческого законодательства в Респ. Казахстан и практика его применения: Вып. 1. - Алматы, 1996. - С. 32.
3. Гражданское право. Общая и Особенная части: учебник / Под ред. А.П. Фокова. - М.: Кнорус, 2010. - 320 с.
4. Аксенова Е. Виндикация или реституция / Коллегия. - 2003.-№ 4. - С.15.
5. Гражданское право: учебник: в 4 т. Т. 2 / Отв. ред. Е. А. Суханов. - М., 2006. - 720 с.

ӘОЖ 343.2/.7

АДАМНЫҢ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ТЕҢ ҚҰҚЫҚТЫЛЫҒЫН БҰЗУ

Ағланова Ж., Қайырбек Е., Икамбаева И.,
Абдрашева А., Ағланова Ж., Жоламан М.

«Сот және прокурорлық қызмет» ББ 2 курс студенттері

E-mail: zhuldyz281105a@mail.ru

Ғылыми жетекші: Орсаяева Р.А., з.ғ.к., PhD, қауымдастырылған профессор

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Өскемен қ., Қазақстан

E-mail: r_orsaeva_60@mail.ru

Қазақстанның мемлекеттік ұлттық саясаты қазіргі уақытта ұлттық, нәсілдік, әлеуметтік, діни немесе тілдік тиесілілік белгілері бойынша адам мен азаматты кемсітудің кез келген нысандарын жоюды және алдын алуды көздейді. Бұл осындай саясатты жүзеге асырудың маңызды қағидаттарының бірі болып табылады.

Құқықтар мен бостандықтар көп жағдайларда адамның қоғамдағы орнын, оның мемлекетпен өзара байланысын анықтайды. ҚР Конституциясының 1-бабында адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына деп бекітілген. Бұл конституциялық норма – мақсатта мемлекеттің құқықтық дамуының ұзақ мерзімдік міндеті – мемлекеттің құқықтық сипатын қалыптастыру жарияланған. ҚР Конституциясының негізгі идеясы мен адам мүдделерінің жалпыға бірдей презумпциясы болып табылады. Заң аясында барлық қарама – қайшылықтар, барлық дау-дамайлар адам үшін не тиімді деген көзқарас тұрғысынан шешіледі, барлық шешімдер осы тұрғыдан қабылданады, ал ол адам

қайдағы бір қиялдағы, қандай да болмасын демократиялық сұлбаға сәйкес әсерленген адам емес, нақтылы мақсаттары мен қажеттіліктері өмірде бар, тірі адам.

Адамның құқықтары – бүкіл адамзаттың ажырамас, бөлінбес игілігі. Бұл дүниеде қандай да оқиғалар мен әрекеттер орын алмасын, қандай да ғылыми жаңалықтар ашылмасын, олар адамның жағдайына, оның құқықтары мен бостандықтарына жағымсыз әсер етпеуге тиіс. Қоғамдық процестердің дамуында құндылық бағдар адам құқықтарын ұлағаттаған дүниежүзілік және ұлттық дамудың барлық процестерін адаммен өлшеудің мәні осында .

Конституцияда адамның құқықтары мен бостандықтарының үлкен тізімі бекітілген. Бұл арада ҚР Конституциясында адамның құқықтары мен бостандықтарының адам құқықтарының халықаралық стандарттарынан бастау алып, бекітілуінің аса маңызды факт екенін атап өткен жөн. ҚР Конституциясында бекітілген адамның құқықтары мен бостандықтары заңдардың, мемлекеттік билік органдарымен олардың лауазымды тұлғаларының қызметтерінің мәнін, мазмұны мен қоданылуын белгілейді. Конституция құрамындағы бұл маңызды ережелер мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін бөлімдердің алдынд келтірілген, бұл мемлекеттің адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылықтар деп санап, қоғамның оның мүдделерін мемлекеттікінен жоғары қоятынын білдіреді.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясымен басқаға жалпы мойындалған халықаралық актілерінің қағидаларын кеңінен қабылдап, қайталаған Қазақстан Республикасының 1993 жылғы тұңғыш Конституциясын қысқаша қарастырып көрейік. Ал 1995 жылғы қабылданған қолданыстағы Конституциясының адам құқықтарын қорғау аясында алдыңғы Конституциясымен сабақтастығын сақтап, оның негізгі қағидаларын, яғни адам құқықтары мен табиғи сипатын, халықаралық құқықтың жалпы жұрт мойындаған нормалары мен қағидаларының ішкі заңнамадан басымдылығын, мемлекеттің азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға міндеттілігін және басқа да көптеген мәселелерді бекітіп, дамытты. Қазақстандағы әлеуметтік заңнаманың жүйесі мен мазмұнының дамуына қайта құру және одан кейінгі кезеңдерде бірсыпыра факторлар әсер етті.

ҚР Конституциясында тек әлеуметтік мемлекеттің ғана емес, сонымен бірге құқықтық мемлекеттің де қағидалары дамытылады. Тұңғыш рет мемлекет пен тұлғаның қарым-қатынасы сот негізінде қойылды, барлық құқықтар мен бостандықтарды сотта қорғау құқығы бекітілді, заңға мемлекеттік органдар, азаматтар мен олардың бірлестіктері араларында туындайтын барлық дауларды сот жолымен шешу қағидасы енгізілді.

1995 жылғы Конституцияның талаптарына сай адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарына берілетін кепілдік кеңейтілді. Адамның құқықтары мен бостандықтары мен мүдделерін басымдылықпен қорғау қағидасын бекітудегі келесі маңызды қадам-ҚР Конституциясының қабылдануы болды. Конституцияда адамның құқықтары мен бостандықтарының үлкен тізімі бекітілген. Бұл арада ҚР Конституциясында адам құқықтары мен бостандықтарының адам құқықтарының халықаралық стандарттарынан бастау алып, бекітілуінің аса маңызды факт екенін

талап еткен жөн. ҚР Конституциясында бекітілген адамның құқықтары мен бостандықтары заңдардың, мемлекетті билік органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының қызметтерінің мәнән, мазмұны мен қолданылуын белгілейді. Конституция құрамындағы бұл маңызды ережелер мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін бөлімдердің алдында келтірілген, бұл мемлекеттің адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құндылық деп санап, қоғамның оның мүдделерін мемлекеттікінен жоғары қоятынын білдіреді .

ҚР Конституциясында адам мен азаматтың азаматтық және саяси құқықтары мен бостандықтарының бекітілуінің арқасында бұл құжат адамның дербестігін, жеке-дара мүдделердің әрекет кеңістігін қорғаудың құқықтық кепіліне айналды. Мемлекет барлығын бақылаушы және барлығына қол сұғушы ұйымның рөлін атқаруға ұмтылмайды. Бұл Қазақстанда азаматтық қоғам орнатудың маңызды алғы шарты болып табылады. Нақ осы тұлғаның белгіленген дербестігі оның қорғалғандығы, оның белсенді әрекеті және қоғам мен мемлекеттің проблемаларын шешуге қатысу үшін жағдайлар жасауы егеменді Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптастырудың негізі болмақшы.

Адам өзінің құқықтары үшін ешқандай зайырлы билікке қарыздар емес. Ол еш уақытта да мені жарылқап, маған құқықтар мен бостандықтар берді деп ешкімге бас июге, ешкімнің алдында өзін мәңгілік борышкермін деп сезінбеуге тиіс. Адамның қадір-қасиеті оған, адамға, өзінің құқықтары мен бостандықтарының түйірмелерімен пайдаланғандығы үшін кімге де, неге де болса да құлшылық етіп, бас ұрумен сыйымсыз. Олар оған оның тек адам болғаны үшін ғана тиесілі .

Қылмыстың тікелей объектісі Қазақстан Республикасының Конституциясының 14-бабының 1-тармағында көрсетілген тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды деген қағида болып табылады. Қылмыстың қосымша тікелей объектісі адамдардың денса-улығы немесе бостандығы болуы мүмкін. Қылмыстың жәбірленушісі конституциялық тең құқықтылығын заңсыз бұзған Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады (12-баптың 4-тармағы) .

Қылмыс объективтік жағынан адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тегі, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасы, сенімі, тұрғылықты жері, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығы себептермен немесе өзге кез келген жағдайлар бойынша тікелей немесе жанама шектеу арқылы жүзеге асырылады. Көрсетілген құқықтар мен бостандықтарды тікелей шектеу деп азаматтың (адамның) конституциялық құқықтары мен бостандықтарын ашық түрде оның белгілі бір ұлтқа, дінге, нәсілге жататындығына немесе басқадай белгілеріне байланысты бұзу (жұмысқа алуға кедергі қою, қоғамдық көлікті ұлтына, тіліне байланысты

пайдалануға кедергі жасау, тұрғын үй беруден шектеу, белгілі бір аумақта көрсетілген белгілерге байланысты тұруға тыйым салу т.б. әрекеттер жатады). Көрсетілген белгілер бойынша жанама түрде шектеуге азаматтардың жалақысын кеміту, мамандығы немесе тиісті кәсібі бойынша еңбек етуіне жол бермеу, көрсетілген белгілер бойынша оларды үнемі мінеу, сынау, олардың өз ойларын, пікірлерін айтуына жол бермеу немесе басқадай түрдегі әр түрлі кемсітулер жатады.

Азаматтың тең құқығын бұзу өмірдің әртүрлі салаларында болуы мүмкін-саяси, экономикалық, әлеуметтік. Еңбек қатынастары саласында тең құқықты бұзу жиі орын алуы бұл қылмыстың көлемін алдын-ала анықтамайды, бірақ оны айтарлықтай тарылтады.

Құқықтар мен бостандықтар - бұл Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтың мемлекеттік, қоғамдық, саяси өмірдегі мүмкіндіктері. Құқықтары мен бостандықтарына Қазақстан Конституциясы азаматтық құқықтарына жатқызады: өмір сүру құқығы; бостандық және жеке өмірі, жеке және отбасылық құпияны қорғауды өз ар-намысы мен жақсы аты; тұрғын үй; бостандығы құқығы ұлтын таңдау және тілдегі қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық; еркін жүріп-тұру және тұрғылықты жер таңдау; ар-ождан бостандығы мен діни сенім бостандығын, ой мен сөздер; еңбек ету, ал сонымен қатар саяси құқықтары мен бостандықтары: бірлесу құқығы; сайлауға және сайлануға құқығы; тең мемлекеттік қызмет; қатысу құқығы сот төрелігін іске асыру; құқыққа жүгінуге, ал мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару.

Белсенді тараптың субъекті жағынан жынысына, нәсіліне, ұлтына, тегіне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, тұрғылықты жеріне, дін қатынастарына, наным - сенімдеріне, қоғамдық бірлестіктерге жататындығына байланысты адам мен азаматтың теңдігі мен бостандығын бұзу-қылмыс әрқашан қасақана болады.

Конституцияның адам құқықтарын қорғау аясында алдыңғы Конституциясымен сабақтастығын сақтап, оның негізгі қағидаларын, яғни адам құқықтары мен табиғи сипатын, халықаралық құқықтың жалпы жұрт мойындаған нормалары мен қағидаларының ішкі заңнамадан басымдылығын, мемлекеттің азаматтарының құқықтары мен бостандықтары қорғауға міндеттілігін және басқа да көптеген мәселелерді бекітіп, дамытты.

Адам құқығы кешенді санат болып табылады, оның ішінен адамзаттың бейбітшілік және қауіпсіздікке құқығын бөлеміз, мемлекеттің егемендікке құқығын және адамның кез келген ажырамас құқығына бөлеміз. Бұл үш бөлік өздері бөлінбес бірлікті құрайды және адамзат қызметіндегі басымдылық болып табылады. Адам құқығын құру, қорғау және қамтамасыз етуде мемлекет орталық бағыт болады. Кейбір халықаралық құжаттарда халықаралық құқық нормаларын бұзуды халықаралық қауымдастық қылмыс ретінде санайтынына қарамастан, адам құқығы мен бостандығының көлемі нақты ұлттық мемлекетке байланысты. Адам құқығын қамтамасыз ету мәселесі тек халықаралық және ұлттық құқық тікелей арақатынасы жағдайында заң шығармашылығына қатысты емес, сонымен қатар ұлттық заңның жалпы тәртібіне қатысты.

Қазіргі жағдайда адамның бостандығы біршама басқаша түсініледі. Адамның бостандығы тек белгілі бір әрекеттер жасау және оларды іске асыруда

кездесетін кез келген кедергілерді жоюдан ғана құралмайды. Адамның бостандығы көрініс табатын маңызды тұстардың бірі - жауапты шешімдерді қабылдау ергіндігі. Бұл адамның санасы мен мәдениетінің даму деңгейінің аса жоғары болуын қажет етеді.

Осылайша, қазіргі адам құқықтарының тұжырымдамасы мына қағидаларға негізделеді: адамның өзінің дербес дүниесі бар, оған ешқандай биліктің қол сұғуына болмайды; өзінің құқықтарын қорғай отырып, адам мемлекетке өзінің талаптарын қоя алады; адамға оның құқықтары мен бостандықтарын құдай да, мемлекет те сыйлаған емес, сондықтан да оларды адамның табиғи құқықтары деп атайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1995ж 30 тамыз.
2. Ашитов З. О. Ашитов Б. З. «Қазақстан Республикасының құқық негіздері» Алматы. Жеті жарғы, 2003ж.
3. Баймаханов М.Т., Аюпова З.К., Ибраева А.С. Становление правового государства и конституционный процесс в Республике Казахстан: Монография. - Алматы: КазГЮА, 2001. - 287с
4. Малиновский В.А. Потенциал действующей Конституции еще не реализован // Мысль. 2005. - №8. - С. 16.

ӘОЖ 342.537.1

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ РОЛІ

Айтмуханова Д.У., заң магистрі, аға оқытушы

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан

E-mail: didroz_12345@mail.ru

Қазақстан Республикасында жаңа конституциялық құндылықтардың орнығуы жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерін кеңейту қажеттігін туғызды. Оның көмегімен Конституцияның нормативтілігі қамтамасыз етілетін және жеке адамның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілетін аса маңызды институттардың бірі Конституциялық сот болып табылады, оның жұмыс істеуі Қазақстанда 2023 жылы басталды.

Біріккен Ұлттар елдері өз Жарғысында негізгі адам құқықтарына, жеке адам басының қадір-қасиеті мен құндылығына және ерлер мен әйелдердің теңдігіне сенімдерін растап, әлеуметтік прогресс пен адамға ылайық өмір сүру деңгейін, нақтыланған бостандықтардан тыс, кең ауқымды бостандықтарды арттыруға жәрдемдесу керек деген шешімге келгендеріне назар аудара отырып, мүше-мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымымен ынтықтамаса отырып, адам құқықтары мен негізгі бостандықтары жалпыға бірдей құрметтеліп сақталуына ықпал жасауға міндеттенгендеріне назар аудара отырып, осы міндеттемелерді

толыққанды жүзеге асыру жолында осы құқықтар мен бостандықтардың мән-мағынасы мен ерекшеліктерін ұғынып түсінудің маңызы зор екендігіне назар аударып Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын бүкіл халықтар мен мемлекеттердің ұмтылыстары арқылы әр адаммен қатар, қоғамның әр органы осы декларацияны үнемі жадында тұтып, білім беру және ағарту жұмыстары арқылы осы құқықтар мен бостандықтарды қадір тұтуға ықпал жасап, ұлттық халықаралық шаралар арқылы Ұйымның мүше-мемлекеттерінің халықтарымен қоса, олардың юрисдикциясына қарасты территориялардың халықтары арасында да, жалпыға бірдей тиімді түрде танылып, жүзеге асырылуы үшін алға қойылған мақсат ретінде жария етілген болатын.

Біздің елімізде жаңа конституциялық бақылау органының құрылуы мемлекеттің толыққанды құқықтық мемлекет құруға деген ұмтылысын білдіреді, онда адам, оның құқықтары мен бостандықтары жоғары конституциялық құндылықтар ретінде қарастырылады. Конституциялық соттар конституционализмнің қалыптасуының және құқық қағидаттары бойынша құқықтық мемлекеттің қалыптасуының айқындаушы факторы болып табылады. Сонымен қатар, биліктің маңызды органының бірі жеке тұлғалардың конституциялықшағымдарын қарау болады. Бұл функция азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізуін қамтамасыз ететін және Конституцияның құқық қорғау әлеуетін арттыратын маңызды құқықтық құрал болып табылады. Адам құқықтарын қорғау мәселелері бойынша Конституциялық соттардың құқықтық ұстанымдары елде конституциялық ойлауды қалыптастыруға және прогрессивті құқықтық даму бағытында конституциялық-құқықтық саясатты модельдеуге қабілетті. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, бай тарихы бар сот конституциялық бақылау институты поликратиялық мемлекеттің маңызды элементі ретінде қарастырылады, оларқылы билік тармақтары мен аумақтық құрылымдар арасындағы құқықтық даулар шешіледі, Конституциялық процестердің үздіксіздігі қамтамасыз етіледі, конституциялық заңдылық режиміне кепілдік беріледі. Конституциялық Сот төрелігі арқылы мемлекетте жеке адамның мемлекетпен өзара қарым-қатынасының гуманистік қағидаттары бекітіледі, құқықтық кемшіліктердің орны толтырылады, заң шығару процесі жетілдіріледі, сондай-ақ заң шығару субъектілерінің Конституциялық мәдениетінің деңгейі арттырылады [1]

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған «Жаңа Қазақстан: жаңғыру және жаңғыру жолы» Жолдауының саяси-тарихи мәні ерекше екені бәрімізге белгілі, көпшіліктің көптен күткен үміттері ақталып, ел ішінде біраз елеулі жағдайлар талқыланды, ашық және қарапайым тілде халықтың назарына ілікті. Әрине, осы құнды дүниелердің мәнін түсініп, тиісті шараларды дер кезінде қолға алып, жұмысты жауапкершілікпен, сапалы жүргізсек, көптеген жетістіктерге жететініміз анық. Бұл жұмыстарға мемлекеттік ұйымдардың шенеуніктері ғана емес, ел болып барлығымыз атсалысқанымыз абзал. Кездесуде ерекше қолдау тапқан саяси жаңалықтардың бірі – Мемлекет басшысының Конституциялық сот құру туралы ұсынысы. Ел Президенті өз сөзінде мұндай шешімді Конституциялық Кеңестің Қазақстандағы түрлі құқықтық нормалардың Конституцияға сәйкестігін түсіндіріп жатқанын, азаматтардың мұндай түсініктеме

алу үшін осы мемлекеттік органға тікелей жүгіне алмайтынын негізге алғанын айтты.

Осы жолдаудан кейін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастауымен «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Конституциялық заңы қабылданған болатын. Конституциялық кеңестің орынына конституциялық соттың келуін француздық атақты фразамен сипаттайтын болсақ, былай дер едік “Патша қайтыс болды. Патша ұзақ өмір сүрсін!” Конституциялық сотты республиканың бүкіл аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі Конституциялық Кеңестің мұрагері деп санауға болады. Осы миссияны орындау үшін Конституциялық Сот келесі құзыретке ие:

а) дау туындаған жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын сайлауды, республикалық референдумды өткізудің дұрыстығы туралы мәселені шешеді;

ә) Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғанға дейін Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдарды, Қазақстан Республикасының Парламенті мен оның Палаталары қабылдаған қаулыларды, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын олар ратификацияланғанға дейін қарайды.

б) Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына, сондай – ақ Қазақстан Республикасының Парламенті тиісінше Қазақстан Республикасы Президентін қызметінен мерзімінен бұрын босату туралы шешім, Қазақстан Республикасы Президентін қызметінен босату туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін-белгіленген конституциялық рәсімдердің сақталуы туралы қорытындыға ресми түсініктеме береді;

в) конституциялық іс жүргізу практикасын қорыту нәтижелері бойынша жыл сайын Қазақстан Республикасының Парламентіне Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай күйі туралы жолдау жібереді;

г) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініштерін, сондай-ақ соттардың заңды немесе нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп тану туралы өтініштерін қарайды.

Бәрімізге мәлім, Қазақстан Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», деп бекіткен. Ал бұл Конституциялық қағидаттар бұзылған жағдайда кім болса да өз мүддесін қорғау мақсатында Конституциялық сотқа жүгінуге құқылы. Өкілеттіктері бойынша, Конституциялық сот неғұрлым кең құзыретке ие. Атап айтқанда, заңдардың ғана емес, орталық және жергілікті органдардың нормативтік-құқықтық актілерінің де Конституцияға сәйкестігін қарастыра алады. Ал Конституциялық кеңес алдын ала бақылау жолымен заңды күшіне енбеген нормативтік-құқықтық актілерді қарайды.

Конституциялық сот – елдегі конституциялықтың маңызды кепілі. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл барлық заңдар мен кез келген басқа нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға қайшы келмеуін қамтамасыз ететін құқықтық

институт. Әрине, бұл мақсатта соттар мен прокурорлар бар, бірақ олар заңды тексере алмайды және оны даулауға және жоюға құқығы жоқ. Бұл Конституциялық Соттың маңызды айырмашылығы және таптырмас рөлі. Қазір бар Конституциялық Кеңес азаматтардың белгілі бір заңды Конституцияға қайшы деп тану туралы өтініштерін тікелей қарастырмайды. Конституциялық сот азаматтардың шағымдарын қабылдай алады. Ол үшін Конституцияға түзетулер енгізілді.

Бүгінде Конституциялық Сот әлемнің 70-тен астам елінде жұмыс істейді. Институт Еуропада, Латын Америкасында және ТМД елдерінде кеңінен таралған. Конституциялық соттар шет мемлекеттерде де бар. Атап айтқанда, Конституциялық сот 1920 жылы алғаш рет Аустрияда пайда болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германияда Конституциялық сот құрылған. 1963 жылы Конституциялық сот Югославияда, 1986 жылы Польшада, ал 90-жылдардың басында Шығыс Еуропа мемлекеттерінің бәрінде және Ресей де Конституциялық сот құрылған. Сол сияқты 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Республиканың Конституциялық Заңымен Конституцияны сот арқылы қорғаудың жоғары органы ретінде Қазақстан Республикасының Конституциялық соты құрылып, өз жұмысын 1992 жылғы 6 маусымда «Қазақстан Республикасының Конституциялық соты туралы» және «Конституциялық сот ісін жүргізу туралы» заңдар қабылданғаннан кейін бастап кеткен болатын. 1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылдануына орай жаңа конституциялық қадағалау органы – Конституциялық кеңес құрылды, соған байланысты 1995 жылы Қазақстан Республикасының Конституциялық соты өз қызметін тоқтатты.

Конституциялық сот туралы» заң жобасын әзірлеу кезінде Үкімет көп жылдар бойы Конституциялық соттар табысты жұмыс істеп келе жатқан Еуропа елдерінің тәжірибесін алды. Біз заң жүйемізге сәйкес келетінін ғана қабылдадық. Конституциялық сот үлгісінің негізі ретінде Венеция комиссиясының ұсыныстары алынды.

Қазақстан Конституциялық Сотының ерекшелігі оның айрықша құзыреті, НҚА-ның конституцияға сәйкестігін тексеру және негізгі заңды ресми түсіндіру болып табылады. Сондай-ақ, біздің Конституциялық соттың Жоғарғы Сот пен төменгі соттарға қатысты жоғары сот болмайтыны маңызды [2]

Жоғарыда талданғандай, бұл елдегі конституциялықтың ең маңызды кепілі болмақ. Біз мемлекеттік органдар өздерінің нормативтік құқықтық актілерін қабылдау және іске асыру бойынша жұмысты тиімдірек бастайды деп күтеміз, өйткені біздің кез келгеніміз Конституциялық сотқа жүгініп, құқығымызды бұзатын актіні даулай аламыз. Сонымен қатар, Бас прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Конституциялық сотқа шағымдануға құқылы. Конституцияға қайшы деп танылған актілердің күші жойылады.

Қазақстан Республикасының Конституциялық соты адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғайды және Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау кезінде уәкілетті органдармен бұзылған азамат Елдің негізгі заңына қайшы әрекеттер.

Қазақстан республикасының Конституциялық Сотының қорғау саласындағы өкілеттігі негізгі құқықтар мен бостандықтар – нақты жағдайларда қолданылатын немесе қолданылатын заңдардың конституцияға сәйкестігін тексеру туралы істерді қарау;

Азаматтық заңдар өздері реттейтін қатынастарға қатысушылардың теңдігін, меншікке қол сұқпаушылықты, шарт еркіндігін, жеке істерге кімнің болса да озбырлықпен араласуына жол беруге болмайтындығын, азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру, нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін, оларды соттың қорғауын қамтамасыз ету қажеттігін тануға негізделеді. Азаматтар мен заңды тұлғалар өздерінің азаматтық құқықтарына өз еркімен және өз мүддесін көздей отырып ие болады және оларды жүзеге асырады, сондай-ақ егер заңнамалық актілерде өзгеше белгіленбесе, құқықтарынан бас тартады. Олар шарт негізінде өздерінің құқықтары мен міндеттерін анықтауда және оның заңнамаға қайшы келмейтін кез келген талаптарын белгілеуде ерікті [3]

Конституциялық сотта азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау Қазақстан азаматтардың шағымдарын және соттардың өтініштерін қарау кезінде жүзеге асырылады. Оның өзге де өкілеттіктерін жүзеге асыру: мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша нормативтік келісімдер мен нормативтік құқықтық актілердің конституцияға сәйкестігін тексеру туралы істерді қарау, олардың арасындағы құзырет туралы дауларды шешу; Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында: «Бұл біздің азаматтар үшін жаңа мүмкіндіктер, Конституциялық соттың бұл моделі дамыған елдердің көпшілігінде бар және ол Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей артық айта алмас едім. Заңдылық азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуы және нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігі туралы мәселе қоя алады. Демек сот ісін жүргізу саласы мен азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды барлық деңгейде заңдылығы сақтала отырып тиісті заң нормаларына сай құқықтық мемлекеттің басым көрінісі ретінде адам құқықтарының қорғалуындағы барлық нүкте соттардың соның ішінде азаматтық сот өндірісі және қылмыстық сот ісін жүргізу саласында да құқықтар мен мүдделер және адамның өмірі мен денсаулығы басты қазына боп қала бермек [4].

Әр адам, нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық, немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық, немесе басқа да жағдаяттарға қарамастан басты құжат болып табылатын Декларацияда жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарға алаланбай, бірдей тең ие болуы тиіс. Сонымен қатар, ешкім де өзі тұратын елінің, не болмаса территорияның саяси, құқықтық, немесе халықаралық мәртебесінің негізі бойынша, және де ол территория тәуелсіз, әлде біреудің қарамағында, әлде өзін-өзі басқарушы емес, немесе оның егемендігі әртүрлі нысанда шектеулі болған күннің өзінде де, алаланбауы тиіс. Әр адам, қоғам мүшесі ретінде, әлеуметтік жағынан қамсыздандырылуына және оның қадір-қасиеті қолдау табуына, жеке басы еркін кемелденуіне қажетті экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалар бойынша құқықтары әрбір мемлекеттің құрылымы мен ресурстарына сай, ұлттық

ықпал және халықаралық ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылуына құқығы бар.

Барлығымыз үшін бұл қосымша қорғау, құқықтарымыздың бұзылуына қарсы қосымша тосқауыл. Әр адамның, адам баласының еркін және толық кемелденуіне мүмкіншілік беретін қоғам алдында міндеттері бар екенін ұмытпау қажет. Өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда әр адам тек басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде тану және құрметтеу мақсаты көзделген жағдайда ғана және демократиялық қоғамдағы моральдің, қоғамдық тәртіп пен игіліктің әділетті талаптарын қанағаттандыру мақсаты көзделген жағдайда ғана, заңмен белгіленген шектеуге ұшырауы тиіс. Осы бостандықтар мен құқықтарды жүзеге асырылуы Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаларына қайшы келмеуі тиіс. Бұл орайда Конституциялық сот қажетті заңдылықтың сақталуын өз тізгінінде ұстайды. Елімізде өзін бүкіл әлемге танытқан институт пайда болады. Ал Конституциялық Кеңестің енгізілуінен барлығымыз елімізде заң үстемдігі мен заңдылықты нығайтуды ғана күтуге болады деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамыз
2. Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы заң 2000 жылғы 25 желтоқсандағы N 132 Конституциялық заңы.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ.
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ.

УДК 342.4

К ВОПРОСУ О ЗАКРЕПЛЕНИИ ПРИНЦИПА СПРАВЕДЛИВОСТИ В КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Байркенова Г.Т., кандидат юридических наук, ассоциированный профессор
кафедры «Юриспруденция»

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

Справедливость – это очень объемная философско-этическая категория, и существует сложность в определении ее нормативно-оценочного характера. Особое внимание проблемам справедливости уделяется в правовой доктрине и практике. Еще в Дигестах Юстиниана говорится о том, что «право получило свое название от (слова) «справедливость», ибо согласно определению Цельса, право есть искусство доброго и справедливого» [1]. Справедливость положена в основу теории естественного права мыслителями эпох Просвещения и Нового времени. Существенное внимание данной проблематике уделялось отечественными правоведами как дореволюционного, так и советского периода.

Несмотря на столь пристальное внимание к проблемам социальной справедливости на протяжении всей истории существования права и правовой науки, представляется, что в настоящее время эти вопросы приобретают особую актуальность, что во многом связано с глобальными трансформациями политической и экономической основ казахстанского общества, произошедшими в конце XX века. Кризис прежнего мировоззрения, обусловленный экономическими катаклизмами, резкий переход к открытому обществу и информационная экспансия западного образа жизни, морально-нравственных императивов не могли не вызвать определенной деформации правосознания общества. Именно в подобные переломные, или «пограничные», состояния государства и гражданского общества наиболее частыми становятся апелляции к социальной справедливости.

Сегодня необходимость утверждения в Казахстане как правовом, социальном государстве идеи справедливости осознается на самом высоком уровне политической власти.

Особую значимость исследованиям принципа справедливости в его конституционном формате придает тот факт, что Конституция РК закрепила конкретные юридические механизмы реализации справедливости как регулятивного принципа. Формально-юридически, то есть текстуально, этот принцип в Основном Законе не выражен (что делает его исследование интересным), однако об этом свидетельствуют решения Конституционного Суда РК, в которых конституционный принцип справедливости является основой, формулируемой правовой позиции, и принимаемых на ее основе решений.

Принцип справедливости как бы растворен в нормативном содержании Конституции, выражает «дух» Основного Закона государства. К примеру, п.5 ст. 12, закрепляющая, что осуществление прав и свобод человека и гражданина не должно нарушать прав и свобод других лиц, посягать на конституционный строй и общественную нравственность; п.1 ст. 33, согласно которой права и свободы человека и гражданина могут быть ограничены только законами и лишь в той мере, в какой это необходимо в целях защиты конституционного строя, охраны общественного порядка, прав и свобод человека, здоровья и нравственности населения, и др. нормы

Конституция задает вектор развития всех иных отраслей отечественного права, определяет систему координат правового пространства. В этой связи представляется, что изучение нормативного содержания, ценностного и регулятивного потенциала конституционного принципа справедливости сегодня обладает безусловной теоретической и практической значимостью.

Особенностью рассматриваемого вопроса является чрезвычайно широкая предметная область научного исследования категории справедливость. Как важнейшая социальная и культурная ценность и одновременно регулятивный принцип общественного устройства справедливость является предметом изучения практически всех сфер гуманитарного знания: философии, социологии и т.д. Однако именно право обнаруживает наибольшее число точек соприкосновения со справедливостью.

Слово «справедливость» исторически родственно таким понятиям, как «правда», «правота», «истинность». В зависимости от сферы применения понятие «справедливость» может содержать в себе требование обеспечения должного соответствия между различными аспектами общественной жизни: между практической ролью субъектов в обществе и их социальным положением, между их правами и обязанностями, между деянием и воздаянием, трудом и вознаграждением, преступлением и наказанием, заслугами людей и их общественным признанием.

Таким образом, справедливость направлена на достижение определенного баланса интересов различных социальных групп. Принцип справедливости призван заложить в основу правовой системы представление о том, какой объем прав и обязанностей с точки зрения общества является необходимым и достаточным для того или иного субъекта. Применительно к праву социального обеспечения принцип справедливости может быть истолкован как принципиальное стремление государства и общества к выравниванию не только обязанностей и прав, но и возможностей всех категорий населения, включая и те, для которых самостоятельная реализация предоставленных им прав объективно затруднена или изначально невозможна.

К примеру, в Республике Казахстан создаются условия для обеспечения граждан жильем. Указанным в законе категориям граждан, нуждающимся в жилье, оно предоставляется за доступную плату из государственных жилищных фондов в соответствии с установленными законом нормами (п.2 ст.25 Конституции). Гражданину Республики Казахстан гарантируется минимальный размер заработной платы и пенсии, социальное обеспечение по возрасту, в случае болезни, инвалидности, потери кормильца и по иным законным основаниям (п.1 ст.28 Конституции).

Рассмотрение действующего уголовного законодательства показывает, что в статье 52 УК РК лицу, признанному виновным в совершении уголовного правонарушения, назначается справедливое наказание. На наш взгляд, справедливость предполагает также обеспечение неотвратимости уголовно-правового воздействия в отношении всех лиц, виновных в совершении преступления, а также недопустимость такого воздействия на лиц, не виновных.

Согласно уголовно-процессуальному законодательству каждый совершивший преступление должен быть подвергнут справедливому наказанию, явная несправедливость наказания рассматривается законом как одно из оснований отмены или изменения приговора. Явной несправедливостью признается как привлечение к ответственности без вины или непривлечение к ней виновного, так и назначение виновному чрезмерно строгой или необоснованно мягкой меры уголовно-правового воздействия. В данном случае термин «справедливость» употребляется в смысле соображений беспристрастности, разумности и политики, которые часто бывают необходимы для здравого применения более прочно установившихся правовых норм.

Другими словами, справедливость не может быть источником права, и все же она может оказаться важным фактором в процессе принятия решения. Так, ст. 14 Конституции гласит: «1. Все равны перед законом и судом. 2. Никто не может

подвергаться какой-либо дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам».

Общий принцип, который можно выявить, анализируя различные воплощения идеи справедливости, состоит в том, что по отношению друг к другу люди имеют право на определенное относительное состояние равенства или неравенства, в соответствии с которым распределяются тяготы или блага. Ярким примером служит п. 3 ст. 6 Конституции РК: « Земля и ее недра, воды, растительный и животный мир, другие природные ресурсы принадлежат народу. От имени народа право собственности осуществляет государство. Земля может находиться также в частной собственности на основаниях, условиях и в пределах, установленных законом».

Также назначением справедливости традиционно считается поддержание и воспроизведение равновесия или равной меры. Примером закрепления в Конституции РК такого признака справедливости является статья 43: «1. Президент Республики Казахстан не вправе быть депутатом представительного органа, занимать иные оплачиваемые должности и осуществлять предпринимательскую деятельность. 3. На период осуществления своих полномочий Президент Республики Казахстан не должен состоять в политической партии. 4. Близкие родственники Президента Республики Казахстан не вправе занимать должности политических государственных служащих, руководителей субъектов квазигосударственного сектора». Другой пример - статья 50 Конституции: «1. Парламент состоит из двух Палат: Сената и Мажилиса, действующих на постоянной основе. 2. Сенат образуют депутаты, представляющие в порядке, установленном конституционным законом, по два человека от каждой области, города республиканского значения и столицы Республики Казахстан. Десять депутатов Сената назначаются Президентом Республики, пять из которых – по предложению Ассамблеи народа Казахстана. 3. Мажилис состоит из девяноста восьми депутатов, избираемых в порядке, установленном конституционным законом по смешанной избирательной системе: по системе пропорционального представительства по территории единого общенационального избирательного округа, а также по одномандатным территориальным избирательным округам».

Таким образом, справедливость - это не только нравственная категория, но и элемент содержания социально-экономических и политических отношений, и требований их сохранения или изменения. Официальным орудием ее обеспечения считается позитивное право. А как известно, основной формой выражения позитивного права является конституция государства.

Конституция Республики Казахстан - это результат компромисса, воплощение общественного договора. В этом смысле она тот фундамент, на котором покоится жизнеспособность страны, её политическая стабильность, территориальное единство, основа в построении справедливого государства.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Дигесты Юстиниана. Книга 1 / отв. ред. Л.Л. Кофанов. М.: Статут, 2002. - С. 83.

АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫ

Бейсен Т., «Соттық және прокурорлық қызмет» ББ 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: Садуақасова Л.К., Заңтану магистрі, сениор-лектор
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабының 1- тармағында Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген. Оның мағынасы мемлекет пен тұлға арасындағы өзарақатынас адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы негізінде құрылуы қажеттігін білдіреді. Мемлекеттің қызметі біздің қоғамымыз бен мемлекетіміздегі адам және азаматтың жан-жақты даму жағдайын жасауға бағытталуы қажет. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы қағидасы қолданыстағы өзге де заңдылықтарды қалыптастыруға негіз болып табылуы қажет. Бұған дәлел ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 2-тармағын қарастыруға да болады, онда адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады делінген [1].

Жеке тұлға мен мемлекеттің, сондай-ақ адамдардың өздерінің арасында пайда болатын қарым-қатынастардың сипатына орай конституциялық құқықтар мен бостандықтар түрлі салаларға бөлінеді. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар үш топқа бөліп қарастырылады: жеке құқықтар мен бостандықтар; әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар; саяси құқықтар мен бостандықтар [2].

Жеке бас құқығы мен бостандықтары іс-жүзінде әрбір адамның жеке құқығы болып есептеледі, оның тұлғаның мемлекетке қаншалықты байланысы барына ешқандай қатысы жоқ. Бұл құқықтар әрбір адамның бөлінбес құқығы, ол құқық оған туылған кезінен бастап тиісті болады. Адамның жеке құқығы болып есептелетін құқықтарға адамның табиғи құқығы жатады. Бұл құқық адамның жеке басы өмірімен байланысты көрінеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 15-бабына сәйкес әркімнің өмір сүру құқығы бар. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ.

Адамның жеке басының бостандығы (16-бап) және еркін жүріп тұру құқықтары (21-бап) конституциялық түрде бекітілген. Кез келген конституциялық мемлекеттердегі сияқты Қазақстан Республикасында заңда көрсетілген реттерде ғана және тек соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

Конституциялық құқықтарда бекітілген тағы бір жаңалыққа Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адамның оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы

барлығын жатқызуға болады. Әрбір адамның Республикадан тыс жерлерге кетуіне және Республика азаматтарының Республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар (21-бап).

Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық құқығы (17 бап) конституциялық құқық болып табылады. Адамдық қадір-қасиеттерге құрметпен қарау азаматтық қоғамның басты белгілерінің бірі.

Жеке құқықтар мен бостандықтар саласына адамның жеке өміріне, өзінің және отбасының құпиясына қол сұғылмауына, абыройы мен ар-намысының қорғалуына конституциялық құқығы барлығын жатқызуға болады (18-бап).

Адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің маңызды конституциялық принциптерінің бірі заң мен сот алдында жұрттың бәрі бірдейлігі танылады. Ол тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтындығы жайындағы конституциялық құқықтан анық көрінеді (14-бап).

Сондай-ақ жеке құқықтар мен бостандықтарға әркімнің өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылылығы да жатады (19-бап).

Адам мен азаматтың негізгі құқығы мен бостандығының ерекше тобын әлеуметтік-экономикалық құқықтар құрайды. Конституциялық құқықтардың бұл тобы жеке тұлғаның азаматтық қоғамның мүшесі ретіндегі құқықтық жағдайын анықтайды. Әлеуметтік-экономикалық құқықтардың маңыздылығы оның жеке меншікті иемдену және ұстау құқығы болып табылады. Конституцияның 26-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Бірінші рет 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы жерге жеке меншік құқығын бекітті (6-бап, 3-тармақ). Конституцияда меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқыққа заңмен кепілдік беріледі. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Еңбек ету бостандығы – азаматтардың негізгі құқықтарына жатады. Бұл құқық еңбекке қабілетті адамның өз еңбегімен өз өмірін асырауға заңды мүмкіндігі бар екендігін білдіреді.

Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар (24-бап).

Азаматтардың тынығуға құқықтары бар. Тынығу уақыты – қызметкердің өзінің еңбек ету міндеттемесін орындаудан босаған кездегі уақыттарын оны өзінің қалауы бойынша пайдаланатын уақыты.

Қазақстан Республикасы азаматтарына әлеуметтік қамсыздандырылуға конституциялық құқық беріледі. Қазақстан Республикасының азаматы жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі (28-бап)

Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық сақтауға құқығы бар (29 бап). Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы. Сондай-ақ мемлекеттік және жеке меншік емдеу

мекемелерінде, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдарда ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

Денсаулықты сақтау құқығы, сондай-ақ азаматтардың әр түрлі жолдарды (бұқаралық ақпарат құралдары, өтініш, хат және т.б.) пайдаланып, халықтың қамтылуын жақсарту мәселесін көтере алатындығын білдіреді. Халықтың денсаулығының негізі – қоршаған табиғи орта. Оның жағдайы қандай болса, адамдардың денсалығы да сондай. Сондықтан Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабына сәйкес мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтарға азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуларына кепілдік берілу құқығы жатады (30-бап). Бұл ретте орта білім алу міндетті. Ата-аналар орта білім алуды қамтамасыз етуге міндетті.

Саяси құқықтар мен бостандықтар – бұл тек мемлекеттің азаматтарына берілетін және оларға елдің қоғамдық және саяси өміріне қатысуға мүмкіндік беретін конституциялық құқықтар мен бостандықтардың бір тобы [3].

Саяси құқықтардың ең маңыздысы азаматтардың белсенді және бәсең сайлау құқығынан тұратын сайлаушылық құқық субъектісі болып табылады. Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар (33-бап, 2-тармақ). Сайлау құқығына тек сот әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға құқықтары жоқ (33-бап, 3-тармақ).

Саяси құқықтар мен бостандықтар қатарына Республика азаматтарының мемлекеттік істі басқаруға қатысу құқығы жатады (33-бап, 1-тармақ). Азаматтар бұл құқықты әр түрлі жүзеге асырады. Азаматтардың белсенділігін танытудың, қоғам мүдделеріне ынтасын арттырудың бір құралы олардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы барлығы болып табылады.

Мемлекеттік қызметке кіруге тең құқық Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси құқықтарының бірі болып табылады (33-бап, 4-тармақ). Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік қызмет туралы бірқатар негіз боларлық идеялар беріледі. Онда мемлекеттік қызмет лауазымына кандидатқа қойылатын талап тек лауазымдық міндеттер сипатымен ерекшеленіп, заңмен белгіленетіні көрсетілген.

Саяси құқықтар мен бостандықтар қатарына жатқызылатын Қазақстан Республикасы азаматтарының маңызды құқықтарының бірі бірлесі бостандығы құқығы болып табылады (23-бап).

Республика Конституциясы азаматтардың бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға құқығын таниды. Дегенмен бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың

құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін екендігі ескертіледі.

Міне мемлекетіміздің негізгі заңы - Конституциясында адам мен азаматтардың осындай конституциялық құқықтар мен бостандықтары бекітілген.

Біздің мемлекетіміздің адам өмірінің, бостандық құқықтарының ең жоғары құндылығын мойындауы - бұл адамның орны мен рөлі туралы философиялық ізденістердің негізгі мағынасын шындыққа айналдырған ел мен халықтың ең үлкен жетістігі. Қысқаша айтқанда, біздің еліміздегі адамдардың құқықтары мен бостандықтарының Конституциямен қорғалуы, Имануэль Канттың «Адам - әлемдегі ең маңызды жаратылыс иесі» сөздеріне дәлме-дәл.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз, (05.06.2022ж. өзгертулер және толық тырулармен).

2. Сапарғалиев Г. Конституционное право Республики Казахстан. – Алматы, 1998 г.

3. Газизова Н.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Оқу құралы. Алматы: New book, 2021. – 364 бет.

4. Конституционное право Республики Казахстан. Академический курс: в 2-х т. Т.1. Под общ. ред. д.ю.н., проф. К.А. Мами. Авт. предисл., отв. ред. и руков. авт. колл. д.ю.н., проф. К.А. Мами. – Алматы, 2021. - 640 С.

УДК: 342.4

КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ

Елеуқенова Ш.Е., «Соттық және прокурорлық қызмет» ББ 3-курс студенті

Ғылыми жетекші: Садуақасова Л.К., Заңтану магистрі, сениор-лектор

Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

E-mail: L_saduakasova@mail.ru

Жалпы заң ғылымында Конституция деп жоғарғы заңдық күшке ие және қоғамдық құрылым пен мемлекеттік құрылым, мемлекет пен тұлға арасындағы өзара байланыс, мемлекеттік орган жүйесінің қызметі мен ұйымдастырылу негізін бекітетін негізгі заң түсіндіріледі.

Сондықтан да Конституция әрбір тәуелсіз елдің Негізгі Заңы. Кез-келген мемлекет осы Негізгі Заңды басшылыққа алып өмір сүреді.

Биыл 1995 жылы 30 тамызда қазақстандықтардың тікелей дауыс беру арқылы бүкілхалықтық референдумда қабылданған Республика Конституциясына 30 жыл толады.

Республика Конституциясының қабылданған күні барлық Қазақстан халқы мерекелейтін жалпы мемлекеттік мейрам. Бұл күні ел азаматтарының мерейі конституциялық дәреженің жаңа сатысына көтерілген болатын. Бұндай тәжірибе, яғни халық пен оның жекелеген мүшелері үшін өте маңызды заң құжатын олардың тікелей қатысуымен қабылдау Қазақстан тарихында алғаш рет жүзеге асырылды.

Оған дейінгі Конституциялар болса, өкілді органдар арқылы қабылданған болатын. Осы Конституцияны қабылдай отырып еліміздің халқы өзінің және келер ұрпақтың болашақтарын айқын белгілеп алған еді.

Ата Заңымыздың: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз» - деп басталуы да тегіннен-тегін емес.

Ең жоғары заңдық күші бар Қазақстан Конституциясы, Республикадағы қолданылатын және қалыптасып жатқан құқық жүйесінің нормативтік бастауы бола тұра, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың маңызды жақтарын реттейді.

Қоғам үшін ерекше маңызға ие Негізгі Заңымызда үш түрлі мәселелерге, бірінші - азаматтардың құқықтық мәртебесі, екінші - мемлекеттік және қоғамдық құрылыс, үшінші - мемлекеттік органдардың қызмет жүйесіне айрықша назар аударылған.

4. На базе специальных организаций образования и организаций образования с особым режимом содержания необходимо запустить профессиональную подготовку воспитанников используя цифровые технологии и дистанционное обучение на основе предпочтений самих воспитанников. Так, такие курсы, как «Мобилограф», «Конструирование сайтов», «SMM-специалист» и т.п. не требуют специального оборудования, и подобное курсовое обучение будет интересно как воспитанникам, так и возможно для организации;

5. На базе специальных организаций образования и организаций образования с особым режимом содержания необходимо создать условия для внеурочных занятий воспитанников – спортивные секции, кружки.

6. Местным исполнительным органом следует привлекать специалистов с целью повышения кадрового потенциала специальных организаций образования и организаций образования с особым режимом содержания.

7. В целом в работе по профилактике правонарушений несовершеннолетних слабо задействованы субъекты гражданского общества – неправительственные организации, колледжи, вузы. Вузы обладают большим потенциалом для работы по профилактике преступности несовершеннолетних.

Предлагаем допустить вузы и колледжи, как субъектов гражданского общества, к реализации государственных социальных заказов и государственных грантов, реализуемых на базе Центра поддержки гражданских инициатив по профилактике правонарушений несовершеннолетних и профилактики правонарушений, направленных против несовершеннолетних.

Список литературы:

1. Данные правовой статистики Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК//<https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics/>;

2. О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждении детской безнадзорности и беспризорности: Закон Республики Казахстан от 9 июля 2004 года N 591/«Әділет»// https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z040000591_;

3. Савина Н.Н. Зарубежный опыт делинквентного поведения подростков/Н.Н. Савина/ Образование и наука. 2008. № 3 (51). - С. 75-83.

ӘОЖ 343.2/.7

**КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК
ИНСТИТУТЫ** (*конституциялық-құқықтық жауапкершілік түсінігін
ғалымдар көзқарасы тұрғысынан саралау*)

Орсаева Р.А., з.ғ.к., Ph.D, қауымдастырылған профессор
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, E-mail: r_orsaeva_60@mail.ru

Мемлекеттік билік органдарының конституциялық-құқықтық жауапкершілік институты кез келген мемлекетте маңызды құқықтық институттардың бірі болып табылады.

Конституциямен берілген құқықтары бұзылған жайттар бола қалса, ол азаматтарға белгілі бір кепілдіктер орнатуға көмектесетін мемлекеттік өкілеттіктер берілген мемлекеттік органдардың халық алдында жауапты екені жауапкершілікті арттыра түсетіні белгілі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1-бабы 1-ші тармағында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екенін көрсетсе, 2-ші тармағы Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу екендігін айқындап берген.

Сол тұрғыдан қарасақ, елімізде конституциялық-құқықтық жауапкершілік институтын дамыту мәселесі өте өзекті болып табылады.

Конституциялық-құқықтық жауапкершілік жайлы жазған ғылыми зерттеулер жоқ деп айта алмаймыз, бар.

Жалпы құқықтың қай саласына болса да, «жан» бітіретін профессор, заң ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Заң ғылымдары академиясының академигі Е.Б. Абдрасуловтың «...халықтың мемлекеттік басқару жүйесіне, сот жүйесіне, жергілікті билік органдарына толық сенімін қамтамасыз ету...» деген сөзін айтпасқа болмайды.

Осы тұжырыммен конституциялық-құқықтық жауапкершілікке толық түсінік берілгендей. Неге? Себебі, кез келген шешілмеген мәселеге қатысты

шешімнің соңғы нүктесін қоятын сот болғандықтан, әділдік іздеген халықтың сенімі заңсыздықтың салдарынан «жоғалмау» керек.

Заңсыздықтың салдары сенім артқан мемлекеттік билік органдары өкіліне деген сенімсіздікті арттыра түспесе, азайтпасы анық. Біз бұл жерде мемлекеттік билік органдарының өкілдері заңсыздықпен айналысады дегеннен аулақпыз, тек сондай заң бұзукшылық бола қалса ғана орын алуы мүмкін екендігі жөнінде ғана айтудамыз.

Белгілі отандақ ғалымдар (Ғ.С.Сапарғалиев, Е.Б.Абдрасулов) ресейлік ғалымдар (Ю.П.Еременко, Ф.М.Рудинский, Н.М.Колосов) еңбектерін алып қарасақ, конституциялық-құқықтық жауапкершілік жайында терең сараланған.

Заң ғылымдарының докторы, профессор Е.Б. Абдрасулов конституциялық-құқықтық жауапкершілікке қатысты «...мемлекет әлемнің ең дамыған елдеріндегідей халықтың 60-70 пайызының шынайы сеніміне ие болса, онда заңнамалық және бағдарламалық құжаттардағы көптеген міндеттер орындалады. ... адамның құқықтары мен бостандықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің тұтас, өзара байланысты және жұмыс істейтін жүйесін құру арқылы реформаларды барлық мемлекеттік-құқықтық процестердің нақты мазмұнын өзгертуге бағыттауға көбірек көңіл бөлуі керек. Бұл міндеттің орындалуы тек мемлекеттік институттардың ерік-жігеріне ғана емес, барлық азаматтарға байланысты...».

Конституциялық құқық саласындағы белгілі ғалымдар Ю. П.Еременко мен Ф.М.Рудинский конституциялық-құқықтық жауапкершілікті «мемлекет белгілеген және конституциялық және мемлекеттік құқықтың өзге де нормаларында көрсетілген, мемлекеттер мен қоғамдық ұйымдарға, лауазымды адамдарға, азаматтарға конституциялық нормаларды сақтауға, олар бұзылған жағдайда конституцияда және басқа да заңдарда айқындалған саяси сипаттағы айыруға тартылатын міндеттеме» деп анықтама береді.

Конституциялық-құқықтық жауапкершілік ұғымын анықтауға қатысты тағы бір пікірді Н.М. Колосова айқындай түседі. Оның пікірінше, «конституциялық-құқықтық жауапкершілік - құқық субъектілерінің конституциялық міндеттерін орындамауы (тиісінше орындамауы) және олардың конституциялық құқықтарын теріс пайдаланғаны үшін қолайсыз салдарлардың туындауы».

А.А. Кондрашев конституциялық-құқықтық жауапкершілік - бұзылған конституциялық-құқықтық қатынасқа қатысушылардың конституциялық-құқықтық норманы сақтамауы нәтижесінде туындайтын, құқық бұзушыға мемлекет тарапынан сотталуға жататын нормативтік талапты белгілеуде көрініс тапқан құқықтық байланыс деп көрсетеді.

Конституциялық-құқықтық жауапкершілік институтына қатысты тағы бір мәселе - конституциялық құқық бұзушылықтың не екенін түсінбеу мәселесі. Бұл - құқық теориясындағы маңызды мәселесі болып табылады.

Жалпы конституциялық құқық бұзушылықтың анықтамасы да заңнамалық тұрғыда бекітілмеген. Сондықтан, оның өзі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келетін және азаматтардың құқықтарын бұзуға әкеп соғатын заңсыз әрекеттерге әкеп соғатынын жоққа шығармайды. Осы жерде тағы бір айта кететін

жайт - конституциялық-құқықтық жауапкершілік саласындағы тағы бір маңызды мәселе - конституциялық құқық бұзушылық құрамын нақты бекітудің болмауы.

Конституция, оның қоғамдағы маңызы жайлы жазған, айтқан ғалымдар (Ф.Лассал, М.В.Баглай, Я.И.Овсепян) өте көп.

Мәселен, Ф.Лассал өзінің «Конституцияның мәні туралы» атты еңбегінде конституцияның мәні бойынша қоғамдағы күштердің нақты тепе-теңдігін көрсететін жазбаша құжат екенін дәлелдеген.

Н.А. Михалева болса, конституцияның мәнін анықтай отырып, ол таптық емес, халықтық мүдделерді білдіру нысаны, жалпы әлеуметтік процестердің құқықтық реттеушісі деп бекітсе, Б.С.Эбзеев қазіргі конституцияның мәнін қоғамды демократияландырумен және таптық көзқарас пен таптық бағалаудың гипертрофиясын жоққа шығарумен тікелей байланыстырды.

Енді бір ғалым М.В. Баглай конституция әрқашан саяси күрес жүргізіп жатқан күштер арасындағы ымыра деп есептеді.

Ал, Я.И. Овсепяның пікірінше, конституцияның мәні (республикалық және монархиялық мемлекеттерде де) заңдардың мақсаты биліктегі абсолютизмнің монополиялануын болдырмау болып табылады екен.

Н.М. Добрынин конституционализмді күрделі әлеуметтік-саяси және мемлекеттік-құқықтық категория ретінде анықтады.

Қарап отырсақ, ғалымдардың пікірі де ойы да әртүрлі, барлығының алдыға қойған мақсаты - өз көзқарастары тұрғысынан нақты баға беру.

Біздің ойымызша, сол тұрғыдан алғанда, нақты баға берілген, нақты көзқарас көрсетілген, нақты пікір айтылған.

Қазіргі кезде көп айтылып жүрген тағы бір мәселе - конституциялық-құқықтық жауапкершілікті жүзеге асыру тәртібіне қандай да бір түрде қатысуға құқығы бар субъектілер мәселесі. Субъект - конституциялық-құқықтық жауапкершілік шараларын қолдануға немесе конституциялық-құқықтық жауапкершілікті жүзеге асыру тәртібіне қандай да бір түрде қатысуға құқығы бар тұлға.

Қазақстанда Конституциялық сот конституциялық бақылаудың жоғарғы сот органы болып табылатыны белгілі. Конституциялық сот заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексеретіндіктен, оның басқа соттардан айырмашылығы бар. Ол айырмашылық - Конституциялық сот тек қана құқық мәселелерін, яғни талаптардың заңдылығын шешеді.

Конституциялық Сотқа келіп түскен өтініштердің жай-күйіне соқталсақ, 2025 жылы 1047 өтініш түсен болса, оның 829 –ы талаптардың сақталмауына байланысты екен. Ал, 134-і конституциялық соттың алдын-ала қарауында болса, 8-і конституциялық іс жүргізу барысында, 22- і судьялардың алдынала зерделеуінде екен. Қарап отырсақ, ашқ ақпараттан алынған мәлімет - халықтың белсенділігін ғана көрсетпей, олардың талаптардың заңдылығына қатысты мәселені нақтылай түсуге деген құлшынысын көруге болады.

Жалпы алғанда Конституциялық Сот конституциялық-құқықтық жауапкершілікке қатысады, егер ол конституциялық нормаларды сақтамаса, соттардың ұсыныстарын қарап, конституциялығын тексеріп, осы заңдарды

Президент қол қойғанға дейін Конституцияның талаптарына сәйкестігін тексеруге міндетті.

Еске сала кетсек, Конституциялық сотқа өтініш беру субъектілеріне Президент, Парламент палаталарының төрағалары, Премьер-Министр, Парламент депутаттарының кемінде 1/5 бөлігі, сот, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Бас прокурор және азаматтар жатады.

Конституциялық-құқықтық жауапкершілік - бұл құқық субъектілерінің өздерінің конституциялық міндеттерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін қолайсыз салдарлардың туындау қажеттілігі және олардың конституциялық құқықтарын асыра пайдаланғаны үшін жауапкершілік.

Конституциялық заңнаманы талдау заңды жауапкершіліктің әкімшілік, азаматтық, қылмыстық және тәртіптік сияқты дәстүрлі түрлеріне жатқызуға болмайтын санкциялардың болуын анық көрсетеді.

Ресейлік ғалым В.А. Виноградовтың пікірінше, ұзақ уақыт бойы конституциялық-құқықтық санкция конституциялық-құқықтық норманың міндетті, құрылтайшы белгісі емес деп есептелгенін атап өтеді.

Ары қарай В.А. Виноградов «...көптеген конституциялық-құқықтық нормаларда санкциялардың болмауы олардың әрекетінің тиімділігін төмендетеді және бұл нормалар тиімді қорғаусыз қалады деген қорқынышсыз басқа секторлардағы санкциялармен өтелуі мүмкін емес. Тек конституциялық-құқықтық санкциялар ғана қорғалатын қоғамдық қатынастардың белгілерін көрсете отырып, конституциялық құқық нормаларын бұзудың барлық артықшылықтарын жоққа шығара алады. Бірқатар жағдайларда конституциялық-құқықтық нормалардың өзіне байланысты басқа салалардың санкцияларын қолдану мүмкін болмай қалады. Осылайша, депутаттар мен мемлекет басшылары белгілі бір иммунитетке ие болады, бұл оларға басқа азаматтарға қол жетімді кепілдіктермен салыстырғанда, заңды жауапкершіліктің дәстүрлі түрлеріне қарсы қосымша кепілдіктер беретінін талдайды.

Қалай болғанда да, ғылыми зерттеулер заңдық жауапкершілік түрлерін жіктеу мәселесінің әртүрлі көзқараста қалып отырғанын көрсетеді.

Конституциялық бұзушылық объектісі - конституциялық тәртіп болып табылса, нақты конституциялық бұзушылықтар объектілері белгілі бір конституциялық ережелер арқылы жүзеге асырылатын қоғамдық қатынастар (конституциялық құрылыстың негіздері, адам және азамат құқықтары мен бостандықтары, жергілікті өзін-өзі басқару және т.б.) ретінде сараланады.

Конституциялық жауапкершілік шаралары көбінесе конституциялық санкциялар деп аталатын құқық бұзушыларға қолданылатын нақты шараларда көрінеді.

Жоғарыда атап кеткеніміздей, конституциялық-құқықтық жауапкершілік - құқық субъектілерінің өздерінің конституциялық міндеттерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін қолайсыз салдарлардың туындау қажеттілігі және олардың конституциялық құқықтарын асыра пайдаланғаны үшін жауапкершілік ретінде қарастыруға болады.

Конституциялық-құқықтық жауапкершілік институты дамуды қажет ететін сала болғандықтан, оның болашақта жан-жақты дамитынына күмән жоқ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (қолданыстағы редакциясы), (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. Абдрасулов Е.Б. «Самобытное, креативное, миролюбивое казахстанское общество - достижение независимости» [Электронный ресурс] <https://www.caravan.kz/news>
3. Василевич Г. А. Конституционно-правовая ответственность - особый вид юридической ответственности/ Г. А. Василевич // Весн. Канстытуц. Суда Рэсп. Беларусь. - 2011. - № 1;
4. Еременко Ю. П. Проблема ответственности в советском государственном праве / Ю. П. Еременко, Ф. М. Рудинский // Юридическая ответственность в советском обществе: сб. науч. ст.- Волгоград, 1971.- Вып. 9.
5. Колосов Н. М. Конституционная ответственность в Российской Федерации: ответственность органов государственной власти и иных субъектов права за нарушение конституционного законодательства РФ / Н. М. Колосова. - М.: Городец, 2000. - 108 с.
6. Конституциялық Сотқа келіп түскен өтініштердің жай-күйі туралы ақпарат [Электронды ресурс] <https://www.gov.kz>

ӘОЖ 343.2/.7

АДАМНЫҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІН ҚОРҒАУ

¹Орсаева Р.А., ²Садуақасова Л.Қ., ³Дуйсембаева С.Д.

¹з.ғ.к., Ph.D, қауымдастырылған профессор

²Құқықтану магистрлері, сеньор лекторлар

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан, E-mail: r_orsaeva_60@mail.ru

Қадір-қасиет - жеке тұлғаның өзіндік ішкі бағасы, өзінің жеке сапалық қасиеттерін түсінуі, қоғамға пайдалы қызмет көрсетуінен туындайтын көзқарастары мен ішкі қабілеттілігі.

Қадір- қасиет адамның өзіне айрықша адамгершілік қатынасы мен оған өзгелердің сыйлау деңгейін көрсететін этикалық категорияға жатады. Қадір-қасиет ұғымы абырой-атақ, сый-құрмет, мәртебе даңқ ұғымдарымен үндес болып келеді.

Қадір-қасиет адамның өзінің сипатын, қабілетін, білім деңгейін, өмір-танымын, қоғамдық маңыздылығын іштей өзі бағалау болғандықтан, бұл - кез келген жағдайда өзінің адам екендігін естен шығармау дегенді білдіреді.

Адам өнегелік және интеллектуалдық құнды қасиеттердің көзі болып табылады. Адамның қадір-қасиеті оның қоғамдағы орнына, беделіне, өмір-салтына, кәсібіне және басқа мән-жайларға байланысты.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабы 1-ші тармағында «адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды» деп көрсетілсе, 2 –тармақта «ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды» делінген..

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 131 бабында қорлау сараланған. Қылмыстық кодексінің 131 бабының 1 - тармағында Қорлау, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту әрекеті үшін бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады. 2 - ші тармақ бойынша, көпшілік алдында немесе масс-медианы, телекоммуникация желілерін немесе онлайн-платформаларды пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет – екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

Өзімізге белгілі, «Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспары» (08.12.2023) атты стратегиялық құжатқа қол қойылғаны белгілі. Атқарылуға тиіс нақты шараларды айқындап берген бұл құжатта адам және оның өмірі, бостандығы мен құқығы деген қағиданы берік ұстану қажеттігі айқындалғаны да мәлім.

Жоспарда нақты салаларға қатысты нақты тапсырмалар белгіленген, ол:

- әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою;
- ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілету;
- бірлестік бостандығы құқығы;
- мүгедек адамдарға қатысты адам құқықтары;
- адамның қылмыстық сот төрелігі, азаптаулардың жазасы мен алдын алу және қатыгез қарым-қатынас саласындағы құқықтары;
- адам саудасы құрбандарының құқықтарын қамтамасыз ету;
- көшіп-қонушыларға, азаматтығы жоқ адамдарға және босқындарға қатысты адам құқықтары;
- БҰҰ органдарымен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру;
- еңбек етуге, еңбекті қорғауға және кәсіподақтың қызметіне құқық;
- кәсіпкерлік қызметтегі адам құқықтары.

Нақтылай түссек:

1) отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға әлеуметтік-психологиялық түзету практикасын енгізу;

2) аудан орталықтарында және шалғайдағы елді мекендерде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер мен балаларға көмек көрсету бойынша тұрақты жұмыс істейтін мамандандырылған (дағдарыстық) орталықтардың санын көбейту;

3) әйелдерге, қыздарға және басқа да осал топтарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға байланысты профилактикалық іс-шараларға тарту мақсатында отбасын қолдау орталықтарының әлеуетін нығайту;

4) отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы қылмыстық заңнаманы қатаңдату т.б. сияқты нақты істелетін жұмыстар да бекітілген.

Бұл - қадір-қасиеті «тапталып», зорлық - зомбылыққа ұшырағын басқаларды айтпағанның өзінде тек әйелдерге ғана қатысты іс-қимылдар. Көргеніміздей, атқарылып жатқан іс-шаралар көптігімен қуантады.

Адам құқығын қорғау - басты мәселе. Бүгінгі күні адам құқықтарын қорғау саласында өткен жылдардағыдан да ілгерілеу бар екені ешкімге жасырын емес. Адамдар өздеріне, туған-туыстарына қатысты талап қою жағынан белсенділік танытуда. Олай деуге басты себеп - Конституциялық сотқа келіп түсетін өтініштер.

Конституциялық сотқа өтініш жазу арқылы адамдар өз жағдайын ғана емес, сол жеке бастың мәселесі арқылы елдегі нормативтік актілер мен заңнамалардың Конституцияға сәйкестігін тексерте алады. Бұл - арызданушы өзі ғана емес, көпшіліктің құқығын қорғап отыр дегенге сайса керек.

Нақтылай түссек, 2023 жылы Конституциялық сот тарапынан арыз беріп, арызданушы жаққа қатысты 37 шешім қабылданған екен. Ол арыздың басым көпшілігі жоғарыда айтқанымыздай, құқықтарға байланысты екен. Сондықтан, Конституциялық соттың басты мақсаты - азаматтардың заңдық тұрғыда құқығын қорғау болып табылады.

Өзімізге белгілі, еліміздегі адамдардың құқығы заңнамалық тұрғыда толығымен қорғалған. Бірақ тәжірибеде қабылданған заңдар кейбір жағдайда өздерінің кемшіліктерін көрсетіп жататындықтан, сол кемшіліктерді жоюға жұмыс істеп, нақты шараларды қабылдау маңыздылығымен құнды. Құндылығы сол - Конституциялық сот өз құзырына сәйкес әр шешімді қабылдағанда заңға қайшы келетін норманы тоқтатуға құқығы бар.

Сондай-ақ алты айдың ішінде нақты органдарға кемшіліктерді жою үшін шара қабылдай алады. Сол жағынан алғанда азаматтардың құқығын қорғау нақты жүргізіліп жатқанына дау жоқ.

Жалпы осы жерде айта кететін жайт, ақпарат көздеріндегі мәліметтер Конституциялық сотқа келген өтініштердің басым көпшілігі соттың шешімдерімен келіспеушілік немесе мемлекеттік лауазымды тұлғалардың іс-әрекетіне қатысты екен.

Адамның қадір-қасиетін қорғау туралы жазған ғалымдар өте көп. Оған мысал ретінде ХІХ ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың басындағы орыс заңгер ғалымдары Б.Н.Чичерин мен П.И.Новгородцевті атасақ, отандық ғалымдар Ғ.С.Сапарғалиев, Е.І.Қайыржанов, Ө.С.Жекебаев, ресейлік ғалымдар С.С.Алексеев, В.Г.Графский, И.А.Исаев, О.Е.Лейст, О.В.И.Мартышинов, В.С.Нерсисянц, И.Л.Петрухин, А.В.Поляков (т.б.) сияқты ғалымдарда айтсақ болады.

Құқықтық ғылымнан басқа, адам қадір-қасиеті ұғымы басқа да әртүрлі ғылымдар тарапынан, атап айтқанда этика, психология, философия, элеуметтану, саясаттану ғылымдарында да зерттелгені белгілі.

Профессор Е.І.Қайыржанов адамның қадір-қасиетін қорғау – ең басты міндет екенін көрсетеді.

Американдық заңгер Р. Вандерет адамның қадір-қасиетін қорғауға қатысты өз пікірін айта келіп, жала жабуды «жалған және артықшылықтармен қорғалмаған, адамның беделіне нұқсан келтіретін, басқалардың оны айыптауына немесе жек көруіне әкелетін немесе сол адамның бизнесіне зиян келтіретін мәлімдеме» деп түсіндірді.

Тағы бір американдық автор Митчелл Х.Рубинштейннің «жала жабу» терминін «адам туралы оны қоғамдық жек көрушілікке, келекелеуге, жиіркенуге, масқаралауға немесе ізгі ниетті адамдардың санасында жамандық тудыратын және қоғамдағы достық қарым-қатынастан айыратын адам туралы жалған мәлімдеме» деп анықтайтын анықтамасын ұсынды, бұл көптеген ғалымдар тарапынан қолдау тапты.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 143 бабы ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғауды қарастырған.

Азаматтық кодексінің 143 бабының 1- тармағы азамат өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы деп көрсеткен.

Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған болса, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында тегін теріске шығарылуға тиіс.

Егер аталған мағлұматтар ұйымнан шыққан құжатта болса, бұл құжаттағы мағлұматтардың шындыққа сай келмейтіндігі туралы тиісті адамға міндетті түрде хабарлана отырып, мұндай құжат алмастырылуға немесе кері сұратып алынуға тиіс.

Өзге реттерде теріске шығару тәртібін сот белгілейді.

Бұқаралық ақпарат құралдары азаматқа немесе заңды тұлғаға қатысты олардың құқықтарына немесе заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін мағлұматтар жарияласа, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында өз жауаптарын тегін жариялауға құқылы.

Бұқаралық ақпарат құралдарында теріске шығаруды не жауапты жариялау туралы азаматтың немесе заңды тұлғаның талабы, егер бұқаралық ақпарат органы мұндай жарияланымнан бас тартса не бір айдың ішінде жарияланым жасамаса, сондай-ақ ол таратылған ретте, сотта қаралады.

Егер соттың шешімі орындалмаса, сот тәртіп бұзушыға бюджеттің кірісіне өндіріліп алынатын айыппұл салуға құқылы. Айыппұл азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерде салынады. Айыппұл төлеу тәртіп бұзушыны сот шешімінде көзделген әрекетті орындау міндетінен босатпайды.

Азаматқа қатысты оның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған болса, ол мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен бірге олардың таратылуынан өзіне келтірілген залалдың және моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы.

Моральдық зиянды өтеу туралы талапты қоспағанда, осы баптың азаматтың іскерлік беделін қорғау туралы қағидалары тиісінше заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғауға да қолданылады. Заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғауға осы Кодексте белгіленген тәртіппен залалдың орнын толтыру туралы қағидалар қолданылады.

Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды таратушыны анықтау мүмкін болмаса, өзі жөнінде осындай мағлұматтар тараған адам таратылған

мағлұматтарды шындыққа сай келмейді деп тану туралы сотқа жолдануға құқылы.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есептер комитетінің мәліметтеріне сәйкес 2022 жылы республиканың соттары ар-намысын, абыройын немесе іскерлік беделділігін қорғау туралы 552 азаматтық істі қозғаған. 321 істі қарау нәтижесінде шешім шығарылған, олардың ішінен 127 бойынша талап арыз қанағаттандырылсын деген шешім шығарылған. 85 қаралған іс бойынша өндірісі тоқтатылған, олардың ішінде 42 іс бойынша бітімгершілік келісім жасалған.

Осындай санаттағы істер бойынша соттардың шешімдеріне сәйкес өндіріп алынатын жалпы сома 23 071 718 теңгені құрайды.

2023 жылы қаралған істер статистикасы келесідей: 523 іс қозғалған, олар бойынша 269 шешім шығарылған, шығарылған шешімдердің 104 шешімінде талап арыздар қанағаттандырылған. 80 іс тоқтатылған, олардың ішінде 36 іс бойынша бітімгершілік келісім жасалған. Сот шешімдеріне сәйкес 56 470 754 теңге өндіріп алынған.

2023 жылы Конституциялық Сотқа Келіп түскен өтініштердің жартысына жуығы (шамамен 41%) сот шешімдерімен келіспеуге қатысты екен.

Азаматтардан келіп түскен өтініштердің бір бөлігі сот актілерінің орындалмауына, тұрғын үй және еңбек қатынастарына, әлеуметтік қорғауға, жазалардың орындалуына, ақпаратқа қол жеткізуге, жеке тұлғалардың банкроттығына және тағы басқаларға қатысты.

Өтініштердің төрттен бірінде ғана (26%) азаматтар заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің конституциялылығын тексеруді сұраған.

Статистикалық мәліметтер азаматтар мен заңды тұлғалар өзінің қорғау құқығын белсенді түрде пайдаланындығын көрсетті.

Конституция - қағаз бетінде қалатын сөз тіркестері емес, нақты істің алгоритмі, сондықтан, бүгінгі күні жеткен жетістіктеріміз, соның айқын айғағы!

Қазақстан Республикасында қадір-қасиетті, ар-намысты, абыройды немесе іскерлік беделділік сот жүзінде қорғау институты тиімді қызмет етуде деген қорытынды жасауға болады. Дегенмен де, ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау институты азаматтық құқық саласындағы басым бағыттардың бірі болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (қолданыстағы редакциясы), (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. (өзгерістер мен толықтырулармен)

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (қолданыстағы редакциясы), (өзгерістер мен толықтырулармен)

4. Адам құқықтары мен заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспары туралы Жарлық (08.12.2023) [Электронды ресурс] https://kodeksy-kz.com/grazhdanskij_kodeks/143.htm

5. Вандерет Р. Американское диффамационное право и судопроизводство. Обзор законодательства и практики судебной защиты чести и достоинства в

США//Современное право средств массовой информации в США / Под ред. А. Г. Рихтера. М., 1997 (переизд. 2020)

б.Рубинштейн Митчелл Х. Быстрый взгляд на Нью-Йоркское диффамационное право.// [Электронный ресурс] <https://www.researchgate>

ӘОЖ 342.4

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНДАҒЫ ЕҢБЕККЕ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМДЕР АРҚЫЛЫ ҚОРҒАЛУЫ

Рахымбаева Н., 3-курс студенті

Ғылыми жетекші: Дүйсембаева С.Д., сениор-лектор, құқықтану магистрі
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
E-mail: nrakhymbayeva@list.ru

Ата Заң – еліміздің құқықтық жүйесінің негізі және әрбір қазақстандықтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі. Конституция мемлекеттің басты заңы, әрі құқықтық қатынастардың тірегі ретінде өзінде азаматтық, әлеуметтің, қылмыстық, отбасы, еңбек және басқа да жүйелерді қамтиды. Конституцияда белгіленген әрбір азаматтың еңбекке құқығы – адамның жеке еркіндігін, әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етудің іргетасы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабына сәйкес, әрбір азаматтың еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына, қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек жағдайларына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, әлеуметтік қорғалуға құқығы бар. Сонымен қатар, дәл осы бапта заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады.

Жеке еңбек дауын қарау тәртібі жайында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 159 бабында Жұмыс беруші мен микрокәсіпкерлік субъектінің, жұмыскерлерінің саны он бес адамнан аспайтын коммерциялық емес ұйымның жұмыскері, үй жұмыскері, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органы, заңды тұлға атқарушы органының басшысы, сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері арасында туындайтын дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларын – келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайды делінген. Сонымен жеке еңбек дауы дегеніміз – жұмыс беруші мен қызметкер арасында еңбек қатынастары шеңберінде туындайтын құқықтық келіспеушілік.

Қарапайым тілмен айтқанда, егер тараптар еңбекке қатысты қандай да бір шартпен немесе міндеттемемен келіспесе (мысалы, жалақы төлеу, еңбек шартының бұзылуы, жұмыс уақыты және т.б.), бұл еңбек дауы саналады.

Ұжымдық даулары бірнеше қызметкер немесе бүкіл ұжым жұмыс берушімен өздерінің ортақ еңбек талаптары бойынша (мысалы, еңбекақыны көтеру, еңбек жағдайын жақсарту, жұмыс уақытын өзгерту) келісімге келе алмауы. Ұжымдық даулар туралы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 159 бабында

Ұжымдық еңбек дауы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша осы Кодекстің 164-бабына сәйкес ресімделген жұмыскерлердің талаптары туралы жұмыс берушіні хабардар еткен күннен бастап туындаған деп есептеледі делінген.

Еңбек даулары туындаған жағдайда азаматтар еңбек инспекциясына, сот органдарына немесе татуластыру комиссиясына жүгінуге құқылы. Бұл институттар еңбек құқығының бұзылуын болдырмау немесе қалпына келтіру мақсатында әрекет етеді. Еңбек дауын шешуде көмек бере алатын органдарға тоқтала кетсек.

1. Еңбек инспекциясы (Мемлекеттік еңбек инспекциясы). Бұл орган еңбек заңнамасының орындалуын қадағалайды. Еңбек қатынастары бұзылған деген шағым түскен жағдайда инспекция тексеріс жүргізіп, заңбұзушылық анықталса, жұмыс берушіге әкімшілік шара қолдана алады.

2. Келісім комиссиясы. Бұл – жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінен құралған, сотқа дейін жеке еңбек дауларын бастапқы сатыларда шешуге арналған орган.

3. Еңбек дауын медиация арқылы шешу. Қазіргі таңда кез келген дауды сотқа дейін шешу жолдарында мәселені шешуге арналған өзекті тәсілдердің бірі.

4. Сот органдары. Сот еңбек шартының заңсыз бұзылуын, жалақыны төлемеу мәселелерін және басқа да еңбек құқықтарының бұзылуын қарайды.

Конституцияда белгіленген еңбегі үшін сыйақы алуына тоқтала отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросына жүгінсек 2024 жылғы статистиканы 2023 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда айлық жалақысының орташа мәні 10,5%-ға өсті, нақты жалақы индексі 101,8% ке ие болады. Бұл жылдан жылға азаматтардың орташа жалақысы құнының өсуін көрсетеді. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы 85000 теңге мөлшерінде белгіленді.

Конституцияның 29-бабы: әлеуметтік қамтамасыз ету құқығына арналған. Бұл бапта әркімнің жасының, ауруының, мүгедектігінің, асыраушысынан айырылуының және өзге де заңда белгіленген жағдайларда әлеуметтік қамтамасыз етілу құқығы бары жөнінде айтылған. Бұл бап еңбекке қабілетсіз болған жағдайда адамның әлеуметтік қорғау құқығын конституциялық деңгейде бекітілуін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы – еліміздің құқықтық және әлеуметтік салада жеткен маңызды белестерінің бірі. Конституцияда еңбекке құқықтың бекітілуі және оны жүзеге асыру тетіктерінің көрсетілуі – әлеуметтік мемлекет қағидаттарын іске асыру жолындағы нақты қадам. Еңбек ету, лайықты жалақы алу және әлеуметтік тұрғыдан қорғалу сияқты негізгі құқықтар – қоғамның тұрақтылығы мен азаматтардың өмір сүру сапасын қамтамасыз етудің негізін қалайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жыл, 30 тамыз 30 – Алматы: Юрист, 2023.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. 2015 жылғы 15 қарашадағы – Астана: Әділет, 2025.
3. Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы. – Астана: Әділет, 2023.
4. ҚР Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. – <https://stat.gov.kz> (2024 жылғы деректер).
5. Сапарғалиев, Ғ. С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. – Алматы: Жеті жарғы, 2021.

УДК: 342.4

РОЛЬ КОНСТИТУЦИОННОГО КОНТРОЛЯ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ПРАВ И СВОБОД ЛИЧНОСТИ В РК

Советханова М., студентка 2 курса ОП «Юриспруденция»

Научный руководитель: Байркенова Г.Т., кандидат юридических наук,
асс.профессор кафедры юриспруденции

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан, E-mail: m20455509@gmail.com

Для Республики Казахстан, провозгласившей себя демократическим, правовым и социальным государством (статья 1 Конституции РК), роль конституционного контроля является ключевой в реализации конституционных принципов. В условиях стремительного развития законодательства и трансформации государственного управления значение эффективного конституционного контроля возрастает.

Конституционный контроль представляет собой юридический механизм, направленный на проверку соответствия нормативных правовых актов и действий государственных органов основному закону государства – Конституции. В Республике Казахстан эта функция возложена на Конституционный Суд (раздел VI Конституции РК).

Конституционный Суд уполномочен проверять законы и нормативные акты на соответствие Конституции. Если документ противоречит Основному Закону, Конституционный Суд может признать его недействительным. Так, в Нормативном постановлении Конституционного Суда РК от 6 октября 2023 года № 32-НП были рассмотрены пункт 2 статьи 951 Гражданского Кодекса РК и пункт 9 нормативного постановления Верховного Суда от 27 ноября 2015 года № 7 «О применении судами законодательства о возмещении морального вреда» на соответствие Конституции. Рассмотрение индивидуальных обращений: Граждане могут подать жалобу в Конституционный Суд, если считают, что их конституционные права нарушены. Суд рассматривает такие жалобы и может принять решения, которые способствуют восстановлению нарушенных прав и возмещению ущерба.

Конституционный Суд РК в Нормативном постановлении от 27 февраля 2025 года № 68 рассмотрел обращение граждан Бейсембаева Н.М. и Бейсембаева Т.Н. о

проверке на соответствие Конституции Республики Казахстан части второй пункта 1 статьи 818 Гражданского кодекса. Согласно указанной норме полученные страховщиком от страхователя страховые премии принадлежат ему на праве собственности, за исключением части страховых премий, полученных от страхователей для целей инвестирования, и доходов (расходов), полученных (понесенных) от их инвестирования, по договорам страхования, предусматривающим условие участия страхователя в инвестициях. 24 декабря 2019 года страховщик и страхователь заключили договор пенсионного аннуитета, по условиям которого страхователь обязалась передать страховщику сумму страховой премии, а страховщик – осуществлять страховые выплаты в пользу страхователя пожизненно. 22 января 2022 года страхователь умерла. До наступления ее смерти страховщик производил установленные страхователю страховые выплаты ежемесячно, а после ее смерти - в пользу выгодоприобретателя. На обращения наследников страхователя (субъектов обращения) о выплате им единовременно оставшейся суммы страховой премии страховщик ответил отказом, поскольку пенсионные накопления, переданные ему в качестве страховой премии, не включаются в состав наследства и в соответствии с частью второй пункта 1 статьи 818 ГК (Особенная часть) принадлежат страховщику на праве собственности. По мнению субъектов обращения, перечисленные страховщику пенсионные накопления подлежат наследованию в случае смерти страхователя, в связи с чем они считают, что указанная норма ущемляет их конституционное право защиты частной собственности, лишая имущества в виде единовременной страховой выплаты без решения суда. Конституционный Суд в своем решении указал, что страховые премии являются платой страхователя страховщику за страховую защиту, где страховая выплата выступает ее материальным эквивалентом, что означает возмездность договора пенсионного аннуитета. Таким образом, деньги, полученные страховщиком в виде страховой премии, являются доходом страховщика, которым он распоряжается по своему усмотрению.

У страховщика возникает обязательство не по возврату страховой премии, а по выплате страховой суммы. При таких условиях принудительного отчуждения имущества страхователя не происходит, в связи с чем Конституционный Суд не усмотрел не конституционности оспариваемой субъектами обращения нормы ГК (Особенная часть). Одновременно Конституционный Суд отметил, что, принимая во внимание особенности пенсионного аннуитета, на законодательном уровне должны быть урегулированы механизмы реализации прижизненной воли страхователя и перехода его прав иным лицам в случае его смерти с учетом объема переведенной страховой премии и иных обстоятельств.

По запросам Президента, Парламента или Правительства Конституционный Суд может давать официальные разъяснения по вопросам, связанным с применением и толкованием Конституции. В рамках реализации своих полномочий Конституционный Суд Республики Казахстан рассмотрел обращение Президента РК Токаева К.К. о проверке на соответствие Конституции РК Конституционного закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые конституционные законы Республики Казахстан по вопросам административной

реформы в Республике Казахстан», а также Закона РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам административной реформы в Республике Казахстан». Данный пример наглядно демонстрирует участие Конституционного Суда в оценке законопроектов на предмет их соответствия Основному закону страны, акцентируя внимание на ключевой роли Суда в обеспечении защиты прав граждан.

В определённых случаях Конституционный Суд имеет право пересматривать решения других судов на предмет их соответствия Конституции. Это особенно важно при спорах между государственными органами или при защите прав граждан, которые могли пострадать из-за неконституционных судебных решений.

Следует отметить, что решения и заключения Конституционного Суда обязательны для исполнения всеми государственными органами и должностными лицами. Обязательность таких решений обеспечивает приведение деятельности государственных структур в соответствие с высшими правовыми нормами, закреплёнными в Конституции, и способствует единообразному её толкованию и применению на всей территории государства. Кроме того, решения Суда играют значительную роль в развитии правовой культуры, формировании судебной практики и продвижении принципов справедливой и демократичной правовой системы. Устанавливая юридические прецеденты, Суд влияет на будущее законодательство и судебные решения, тем самым обеспечивая последовательность и предсказуемость правовых выводов. Это имеет важное значение для укрепления доверия общества к правовой системе и уверенности граждан в её справедливости. Посредством этих механизмов Конституционный Суд РК содействует защите прав и свобод человека и гражданина, обеспечивая соответствие нормативных правовых актов Конституции и возможность устранения последствий нарушений конституционных прав.

Таким образом, конституционный контроль в Республике Казахстан играет важную роль в обеспечении прав и свобод личности. Конституционный Суд не только реагирует на нарушения Конституции, но и активно формирует правовую политику, укрепляет демократические институты, способствует развитию правосознания и правовой культуры в обществе.

Список литературы:

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года (с изменениями и дополнениями).
2. Конституционный закон Республики Казахстан «О Конституционном Суде Республики Казахстан» от 5 ноября 2022 года № 157-VII.
3. Официальный сайт Конституционного Суда Республики Казахстан – <https://constsud.kz>
4. Сулейменов М.К. Конституционное право Республики Казахстан. – Алматы: Юрист, 2020.
5. Бекетаев М.Х. Становление и развитие института конституционного контроля в Казахстане. // Вестник права. – 2022. №2.
6. Ермекбаев Б. Б. Развитие института конституционного контроля в Казахстане: проблемы и перспективы // Журнал "Государство и право". – 2023. –

УДК 343.131.7

КОНСТИТУЦИОННЫЕ ОСНОВЫ РЕАЛИЗАЦИИ ПРЕЗУМПЦИИ НЕВИНОВНОСТИ В СТАДИИ ДОСУДЕБНОГО ПРОИЗВОДСТВА

Тоқанов Е.Т., магистрант 2 курса ОП Юриспруденция

Научный руководитель: Калиакперова Е.Н., д.ю.н., профессор

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,

г. Усть-Каменогорск, Казахстан

Одним из основных принципов уголовного процесса является презумпция невиновности, значение которой всегда было очень значительно, но в разные времена этот принцип или существовал формально, или не выполнялся полностью.

Согласно этому правовому принципу судопроизводства, подозреваемый, обвиняемый подсудимый считается невиновным, пока его вина не будет доказана в установленном законом порядке.

Только с момента принятия Конституции РК в 1995 году, в соответствии с которой начались перемены на законодательном уровне, в том числе и в уголовном процессе, значение данного принципа приобрело демократическое значение. Это закреплено в ст. 77 Конституции как одно из важнейших положений демократического правового государства [1].

Реформирование уголовного судопроизводства в связи с введением с 01.01.2015 года Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан коренным образом изменило не только структурные составляющие процесса в виде его стадий, но и существенно поменяло процессуальное положение лиц, в отношении которых начато было уголовное преследование [2].

Исполняя требование презумпции невиновности, процессуальная фигура обвиняемого в стадии досудебного расследования (производства) отошла на второй план и появилась только тогда, когда прокурор, составив обвинительный акт, наделил подозреваемого процессуальным статусом обвиняемого.

В связи с этим, на всем протяжении досудебного расследования, как в форме дознания, так и в форме предварительного следствия, дознаватель и следователь имеют дело с подозреваемым, а не с обвиняемым. Таким образом, значительно была изменена роль обвиняемого на стадии досудебного расследования по сравнению с УПК РК 1997 года. Предусмотренные новеллы были не просто дополнениями и изменениями процессуального порядка ведения расследования и наделение участвующих в деле лиц новыми функциями, правами и обязанностями, это была кардинальная смена всего уголовного процесса, на основе исполнения принципа презумпции невиновности.

По прежнему законодательству лицо, в отношении которого начало уголовное преследование в качестве подозреваемого, пребывал сравнительно

недолго, основной его статус значился в процессуальном статусе обвиняемого. Новеллы нового УПК трактуют совершенно иное отношение к обвиняемому, в целом следователь и дознаватель с ним не имеют больших связей, поскольку обвиняемый появляется на очень короткое время после составления прокурором обвинительного акта и до того момента когда прокурор направит его в суд, сделав обвиняемого подсудимым. Следовательно, только статус подозреваемого может свидетельствовать о реализации презумпции невиновности на всей стадии досудебного расследования.

С.К. Журсимбаев указывает на то, что досудебное расследование по уголовному делу состоит в том, что следователь, дознаватель, осуществляя должностные функции по раскрытию уголовного правонарушения, собирают и оценивают доказательства, принимают решение о привлечении того или иного лица в качестве подозреваемого, определяют квалификацию того деяния, в котором подозревается лицо [3].

На данной стадии уголовного процесса следователь, собирая доказательства, должен обеспечить исполнение принципа презумпции невиновности тем способом, что он приобщает к материалам дела не только доказательства, подтверждающие причастность лица к совершению преступного деяния, но и те доказательства, которые в определенной мере отрицают предъявленное подозрение.

По мнению Л. Валиевой на данной стадии уголовного судопроизводства очевидна активная роль в оказании подозреваемому квалифицированной юридической помощи. Как известно, новые меры предоставления юридической квалифицированной помощи, защитником–адвокатом подозреваемому, свидетельствуют о том, что принцип презумпции невиновности гарантирует не только наличие доказательств подозрения, а затем и обвинения, но и опровергающих данные тезисы в процессуальной деятельности лиц, ведущих уголовный процесс.

Основное направление расследования, более всего следствия, которое ведется по более сложным и общественно опасным деяниям, состоит в том, что следователь должен исполнять все те элементы составляющие содержание презумпции невиновности [4].

При этом закон фиксирует за подозреваемым обширный перечень прав, которые выступают в качестве гарантии реализации презумпции невиновности. Ценность этой гарантии содержится в том, что с ее помощью закрепленные в УПК права, способствуют оспариванию выводов следователя о подозрении, а также о квалификации правонарушения, в котором он подозревается.

Реализация презумпции невиновности более всего прослеживается в том случае, когда уголовное преследование реализуется относительно конкретного гражданина. Решая вопрос о его задержании, следователь должен руководствоваться ст. 128 УПК, которая предусматривает следующие основания для задержания здесь следует оговориться о том, что задержание может иметь место только при наличии преступления (а не уголовного проступка):

-на данное лицо показывают очевидцы, в том числе потерпевшие о совершении им преступления;

- когда лицо застигнуто на месте совершения преступления или непосредственно после его совершения;
- когда в жилище, на одежде, на самом задержанном имеются следы преступления;
- когда на основе негласных следственных действий или сведений предоставленных оперативно-розыскной службой в отношении лица имеются достоверные данные о совершении им преступления:

Когда у органов ведущих уголовный процесс имеются данные о том, что лицо может скрыться, задержание производится на срок семьдесят два часа, а затем подозреваемого либо отпускают, либо применяют к нему одну из мер уголовного пресечения.

В течение 72 часов следователь принимает решение. Если основания подозрения подтверждены, то он выносит постановление о привлечении лица в качестве подозреваемого и в таком статусе он остается до вынесения прокурором обвинительного акта. Также следователь выносит постановление о квалификации преступления. С данными процессуальными документами знакомится подозреваемый и его защитник.

Существенным проявлением презумпции невиновности в стадии досудебного производства будет и то обстоятельство, что подозреваемый не обязан давать показания и сообщать об известных ему обстоятельствах уголовного дела. Освобождение от обязанности свидетельствует о том, что подозреваемый не может нести уголовную ответственность за дачу заведомо ложных показаний, в виду того, что предоставленная информация о фактических обстоятельствах дела является правом подозреваемого, а как любое право его реализация зависит от собственной воли лица.

Следующим проявлением презумпции невиновности на стадии досудебного расследования является запрещение о разглашении добытой информации о преступном деянии, личности подозреваемого. Этот запрет препятствует преждевременному распространению фактов деяния, что может отразиться на психологическом состоянии подозреваемого и его репутации, поскольку его виновность в суде может быть и не установлена, а подозреваемый уже стал объектом обсуждения в массах.

Некоторые авторы указывают на то, что применение к подозреваемому такой меры пресечения, как заключение под стражу в виде ареста, нарушает принцип презумпции невиновности. Однако с этим трудно согласиться, поскольку сами элементы, которые входят в презумпцию невиновности не нарушаются ни каким образом. Так эти элементы следующие: все сомнения толкуются в пользу подозреваемого, он не может быть признан виновным и назван таковым в процессуальных документах следствия, это вправе сделать только суд, признав его виновным, в третьих, подозреваемый освобожден отдачи показаний [5].

Анализируя эти элементы, арест ни каким образом не влияет на содержание под стражей. Причем нельзя допускать оставление на свободе лица, который представляет угрозу общественной безопасности, поскольку такая мера пресечения применяется за тяжкие виды преступления.

Проблемой реализации соотношения презумпции невиновности и обязанности доказывания является тот факт, что бремя доказывания обвинения и опровержения доводов, которые приводятся в защиту подозреваемого лежит на стороне обвинения, к ней отнесен следователь, что порождает определенные вопросы со стороны ученых и способствует нарушению прав участников уголовно-процессуального процесса.

Тенденция того, что законодатель в принципе отошел от принципа установления материальной, объективной истины и пришел к необходимости реализации принципа состязательности привел к тому, что следователь на стадии досудебного расследования обязан непосредственно снабжать материалы уголовного дела доказательствами, которые свидетельствуют о подозрении лица, поскольку следователь как должностное лицо относится к органам уголовного преследования, следовательно, в силу своего процессуального положения относится к стороне обвинения, также как и защитник имеет цель защиты прав и интересов подозреваемого, по собиранию доказательств, которые оправдывали подозреваемого в предъявленном подозрении.

Однако, в силу действия законодательства, на стадии досудебного расследования, следователь, как процессуальная фигура обладает гораздо большими возможностями по собиранию и предоставлению доказательств подозрения, поэтому имеет место некий дисбаланс в объеме прав в уголовном процессе и теми возможностями, которые способствуют собиранию следователем доказательств. Реализуя производство следственных и иных процессуальных действий, следователь тем самым расследует уголовное деяние и выполняет задачу органов уголовного преследования, а также выявляет все прочие обстоятельства, которые имеют значение для уголовного дела.

Қаржы мәселелері некеде үлкен рөл атқарады. Жұбайлардың бір-бірімен қаржылық міндеттемелері жөнінде келіспеушіліктер, кірістің жетіспеушілігі немесе қарыздар сияқты мәселелер қосымша стресске әкелуі мүмкін. Бұл жағдай жұптардың арасындағы байланысты шиеленістіруі және неке бұзылуына себеп болуы мүмкін.

Физикалық, психологиялық немесе эмоционалдық зорлық-зомбылықтың болуы некенің бұзылуына тікелей әсер етеді. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған адам көбінесе өз құқықтарын қорғау үшін неке қатынасынан кетуге мәжбүр болады. Бұл тек жұбайларға ғана емес, балаларға да зиян келтіреді.

Өткенде алған психологиялық немесе эмоционалдық жарақаттар некедегі қатынастарға да әсер етуі мүмкін. Бұл жарақаттар ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген сенімін әлсіретуі, өзара түсіністік пен қолдауды азайтуы мүмкін. Мұндай жағдайлар некенің бұзылуына алып келеді.

Қазіргі қоғамда көптеген жұптар жұмысқа, балаларды тәрбиелеуге және басқа да міндеттерге көп уақыт жұмсайды. Нәтижесінде жұбайлар бір-біріне жеткілікті назар аудармай, некедегі эмоционалдық байланыс әлсірейді. Ортақ уақыттың болмауы, бір-біріне жеткілікті көңіл бөлмеу некенің бұзылуына себеп болуы мүмкін.

Әлеуметтік орта да некеге әсер етеді. Отбасы мүшелері, достар немесе қоғам тарапынан жасалатын қысым, дәстүр мен мәдениетке сәйкес келмеу көптеген жұптардың арасында түсініспеушіліктер туғызады. Кейде адамдар өздерінің жеке қажеттіліктері мен көзқарастарын ашық білдіре алмай, мәдениет пен әлеуметтік ортаға бейімделіп, өздерін шектеулі сезінеді.

Жыныстық қатынастың сапасыз болуы да некенің бұзылуына әкелуі мүмкін. Ерлі-зайыптылар арасындағы жыныстық үйлесімсіздік, жыныстық қажеттіліктердің дұрыс түсінілмеуі немесе жиі орын алатын жыныстық қатынасқа қызығушылықтың төмендеуі некедегі басқа да мәселелерге әкелуі мүмкін.

Некедегі бала болмауы немесе тым көп баланың болуы да жұптар арасында шиеленістер тудыруы мүмкін. Кейбір жұптар бала болмауына байланысты немесе бала тәрбиесімен байланысты қиындықтардан туындайтын мәселелерді шеше алмайды. Ал көп баланың болуы әке-шеше арасындағы қарым-қатынасты күрделендіруі, жеке уақыттың жетіспеушілігі мен отбасылық қысымға әкелуі мүмкін.

Некеде әрбір жұбайдың өмірлік мақсаты мен құндылықтары маңызды рөл атқарады. Егер екі тараптың өмірге деген көзқарастары мен мақсаттары арасында үлкен айырмашылықтар болса, олар бір-бірін түсінбейді және қолдамайды. Мұндай жағдайларда, некенің бұзылуы немесе ажырасу ықтималдығы артады [2:37].

Некенің бұзылуының көптеген факторлары бар, олар жеке тұлғалар мен олардың әлеуметтік, мәдени және экономикалық жағдайларына байланысты. Ерлі-зайыптылар өз қарым-қатынастарын сақтау үшін ортақ мақсаттарға ұмтылып, бір-біріне деген құрмет пен түсіністік көрсетуі қажет. Егер некеде туындайтын қиындықтар уақытында шешілмесе, бұл оның бұзылуына себеп болуы мүмкін.

Неке бұзылған жағдайда, оны қайта қалпына келтіру оңай іс емес. Бұл процеске бірнеше қиындықтар мен кедергілер әсер етуі мүмкін. Біріншіден, адамның ішкі жан дүниесі мен эмоциялық күйі бұзылғаннан кейін, бұрынғы қарым-қатынасты қалпына келтіру қиын болуы мүмкін. Қарым-қатынаста сенімсіздік, реніш пен өкпе пайда болады, бұл оны түзету процесін қиындатады. Сонымен қатар, бұзылған неке екі тараптың да күш-жігерін талап етеді. Егер бір

жақ өз қалпына келтіргісі келсе, екінші тараптың келісімі мен ынтасы болуы маңызды. Әйтпесе, қайта қалпына келтіру мүмкін болмайды.

Неке – бұл ерлі-зайыптылар арасындағы терең байланыс пен жауапкершілікке негізделген маңызды қатынас. Бірақ кейде некеде туындайтын қиындықтар мен түсініспеушіліктер оның бұзылуына алып келеді. Мұндай жағдайлармен бетпе-бет келгенде, кейбір жұптар некені қайта қалпына келтіруге тырысады. Алайда, бұл процесс көптеген қиындықтарға толы және бірнеше маңызды мәселелерді шешуді талап етеді.

Неке бұзылған кезде, әр тараптың жүрегінде эмоционалдық жарақаттар мен өкпе-реніштер қалып қоюы мүмкін. Жұптар арасындағы сенімнің бұзылуы, сатқындық немесе өзара түсініспеушіліктер олардың бір-біріне деген сезімдерін қиындатады. Бұрынғы жағдайларды еске алу және өткен қателіктерді ұмыту оңай емес. Бұл психологиялық кедергілер қалпына келтіру процесін күрделендіріп, жұптардың қайтадан өзара сенім орнатуына кедергі келтіреді.

Некені қайта қалпына келтірудің ең үлкен қиындықтарының бірі – бұл жоғалған сенімді қайта орнату. Егер ерлі-зайыптылар арасындағы сенім бұзылса, оны қалпына келтіру өте қиын болуы мүмкін. Жұбайлардың бір-біріне қайта сенуі және өзара құрметті сақтау үшін уақыт пен күш-жігер талап етіледі. Бұл процесс көп жағдайда ұзаққа созылады, өйткені сенімді қалпына келтіру тек сөздермен емес, әрекеттермен дәлелденуі қажет.

Неке қайта қалпына келтірілген жағдайда, әр жұбайдың өздерінің өткен қателіктерін және екінші тараптың қателіктерін кешіруі маңызды. Өткенді ұмытпай, бірақ оны кешіріп, болашаққа бірге қадам басу қиынға соғуы мүмкін. Егер бір тараптың өткен қателіктеріне қарсы наразылық немесе өкпе сақталса, бұл бұрынғы жағдайларды қайта көтеріп, жанжалға әкелуі мүмкін.

Некеде туындайтын қаржылық қиындықтар мен тұрмыстық мәселелер қайта қалпына келтіруде кедергі келтіретін басты факторлар болуы мүмкін. Қаржылық мәселелер, тұрмыстық жағдайлардың қиындығы, әсіресе балалардың тәрбиесіне байланысты жауапкершілік жұптардың арасындағы қарым-қатынасты одан әрі шиеленістіре алады. Қаржы мәселелері мен тұрмыстық күнкөріс сұрақтары өз кезегінде эмоционалдық және психологиялық қысымды арттырып, некені қайта қалпына келтіруді қиындатуы мүмкін.

Некені қайта қалпына келтіру процесінде әрбір жұбайдың жеке өзгеруі мен даму деңгейі маңызды рөл атқарады. Егер бір тарап екінші тараптан тым өзгеше болып өзгерсе немесе өзінің жеке тұлғалық өсуінде алға жылжытпаса, бұл үйлесімсіздікке әкелуі мүмкін. Некенің қайта қалпына келуі үшін, екі тараптың да бір-біріне деген көзқарастары мен өмірлік мақсаттары арасындағы сәйкестік маңызды [3:58].

Некені қайта қалпына келтіру процесінде кәсіби психологиялық көмек пен кеңес алу қажет болуы мүмкін. Кейде жұптар арасындағы мәселелер өздігінен шешілмейді, сондықтан олар психологиялық кеңесшілердің көмегіне жүгінуге мәжбүр болады. Психологтар мен терапевттер жұптарға олардың арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, бұрынғы қателіктерді талқылауға және психологиялық мәселелерді шешуге көмектеседі. Алайда, кәсіби көмекке жүгіну

де жұптар үшін ыңғайсыз және психологиялық тұрғыдан қиын болуы мүмкін, себебі бұл қадам олардың ашық түрде өз мәселелерін танытуын талап етеді.

Неке бұзылған кезде оны қайта қалпына келтіру оңай шаруа емес. Бұл процесс жұптардың бір-біріне деген сенімін, түсіністігін және құрметін қайта жаңартуды қажет етеді. Эмоциялық жарақаттар, өткен қателіктерді кешіру, қаржылық қиындықтар мен әлеуметтік қысым сияқты факторлар некені қалпына келтіру жолында көптеген кедергілер тудыруы мүмкін. Алайда, жұптар арасындағы сүйіспеншілік, түсіністік және ортақ мақсаттарға ұмтылу арқылы бұл қиындықтарды жеңіп, неке қайта қалпына келуі мүмкін.

Бұзылған некені қалпына келтіру үшін алдымен екі тараптың да дайын болуы қажет. Неке үшін күреске дайын болу, өзара сенімді қайта орнату және ең бастысы, бір-бірінің сезімін түсініп, құрметтеу өте маңызды.

Бұзылған неке – бұл үлкен эмоционалдық ауыртпалық пен қиындықтарды тудыратын жағдай. Алайда, көптеген жұптар қайтадан қарым-қатынастарын қалпына келтіруге тырысады. Бұл процесс бірқатар қиындықтарды жеңуді талап етеді, бірақ дұрыс тәсіл мен қажырлы еңбек арқылы бұрынғы қарым-қатынасты қайтадан нығайтуға болады. Неке қайта қалпына келтірілгенде, оны сақтау мен нығайту үшін бірнеше жолды қарастыруға болады.

Неке қайта қалпына келтірудің алғашқы қадамы – ашық және шынайы сөйлесу. Ерлі-зайыптылар бір-біріне өз сезімдерін, қажеттіліктерін және ойларын түсінікті әрі адал түрде жеткізуі керек. Ашық диалог қарым-қатынастың іргетасын нығайтады, ал қатыгездік немесе қысым көрсету жағдайды тек қиындатуы мүмкін. Бұл кезеңде тыңдаудың да маңызды екенін түсіну керек. Әрбір жұптың дауысы мен сезімі маңызды, сондықтан өзара құрмет пен тыңдауға негізделген әңгіме жүргізу өте қажет.

Некені қайта қалпына келтіру үшін психолог немесе отбасылық кеңесшімен жұмыс істеу тиімді болуы мүмкін. Отбасылық терапия мен психологтардың көмегі арқылы жұптар өздерінің мәселелерін анықтап, оларды қалай шешуге болатындығын үйренеді. Кәсіби мамандар жұптарға эмоциялық жарақаттарды емдеуге, сенімді қалпына келтіруге және қарым-қатынастарын дұрыс жолға қоюға көмектеседі. Мұндай кеңес беру жұптардың бір-бірін жақсырақ түсінуіне және байланысты нығайтуына мүмкіндік береді.

Сенім – кез келген неке қатынасының негізі. Сенімді қайта қалпына келтіру үшін уақыт қажет, себебі бұл процесс бірден жүзеге аспайды. Әрбір тарап өз сөзінде тұрып, іс жүзінде өзгерістер көрсетуі керек. Өткенде болған қателіктер мен сатқындықтар туралы әңгімелесу, оларды кешіру және қайтадан сенімді құру үшін әрекет ету қажет. Сенімді қалпына келтіру үшін жұптар өз әрекеттерінде ашықтық пен адалдықты көрсетуі тиіс.

Қайта қалпына келтіру барысында ерлі-зайыптылар бір-бірінің сезімдеріне және қажеттіліктеріне деген эмпатияны арттыруы керек. Бұл қарым-қатынастарды терең түсініп, әрқайсысының көзқарасын құрметтеуді білдіреді. Жұптар бір-бірінің көзқарасын түсініп, оларды қолдауға тырысуы тиіс. Егер бір тараптың сезімдерін елемей, тек өз мүддесіне қарай әрекет ету жалғаса берсе, онда қатынастар қайтадан дағдарысқа ұшырауы мүмкін.

Некeнiң қайта қалпына келуiне кедергi келтiретiн негiзгi факторлардың бiрi – жұлпардың бiрге өткiзетiн уақыттарының аздығы. Жұмыс, балалар, тұрмыстық мәселелер сияқты факторлар ерлi-зайыптыларға ортақ уақыт өткiзуге мүмкiндiк бермейдi. Сондықтан жұлпар арнайы уақыт бөлiп, бiр-бiрiмен көбiрек уақыт өткiзуi қажет. Бұл ортақ қызығушылықтарды табуға, бiр-бiрiне жақын болуға және қарым-қатынастарды нығайтуға көмектеседi. Сондай-ақ, ерлi-зайыптылар жаңа әдеттер мен мiнез-құллық үлгiлерiн қалыптастыру арқылы өзара үйлесiмдiлiкке жетуi мүмкiн.

Неке қайта қалпына келтiрiлгенде, жұлпар бұрынғы қателiктер мен ренiштердi кешiруi керек. Өткендi ұмытпау қиын болса да, оны кешiру үшiн әр тараптың iшкi дайындық болуы маңызды. Кешiру тек басқа адамды емес, ең алдымен өзiңiздi босатуды бiлдiредi. Өткен қателiктердi үнеми қайта-қайта көтеру қарым-қатынасты одан сайын шиеленiстiредi. Кешiрiм мен ұмытуды үйрену – некенi қайта қалпына келтiрудiң маңызды кезеңi.

Неке қайта қалпына келтiрiлгенде, ерлi-зайыптылар бiрге жаңа мақсаттар мен құндылықтарды қалыптастыруы қажет. Әр тараптың өмiрлiк мақсаттары мен ұстанымдары бiр-бiрiне сәйкес келуi тиiс. Бұл ортақ мақсаттар үшiн бiрлесiп жұмыс iстеуге мүмкiндiк бередi және олардың арасындағы байланысқа жаңа серпiн бередi. Егер жұлпар бiр-бiрiнiң болашағы үшiн ортақ жоспар құрып, өзара көмек көрсетуге дайын болса, онда олардың қатынасы нығая түседi.

Некеде болған қиындықтар мен мәселелердi шешу үшiн ерлi-зайыптылар өз сезiмдерi мен қажеттiлiктерiн ашық түрде айтуы тиiс. Кейде адамдар бiр-бiрiне не қажет екенiн нақты түсiнбеуi мүмкiн, сондықтан осы қажеттiлiктер мен қалауларды ортаға салу өте маңызды. Бұл жұлпарға өздерiн жақсырақ түсiнуге және бiр-бiрiнiң қолдауын сезiнуге мүмкiндiк бередi.

Неке қайта қалпына келтiрiлгенде, ерлi-зайыптылар өздерiнiң жеке дамуына және өзара қолдауға ерекше назар аударуы керек. Бұл процессте әрбiр адам өз-өзiне және қарым-қатынасына жауапкершiлiкпен қарауы керек. Сондай-ақ, жұлпар бiр-бiрiн дамытуға, жаңа дағдылар мен тәжiрибелерге үйретуге ұмтылуы керек. Өзара қолдау мен бiрге өсу – некенiң берiктiгiн нығайтуға көмектеседi.

Неке бұзылғаннан кейiн оны қайта қалпына келтiру – бұл күрделi әрi ұзақ процесс. Алайда, бұл мiндеттi атқаруға ерлi-зайыптылардың бiрлескен күш-жiгерi, сенiмi мен өзара түсiнiстiгi арқылы қол жеткiзуге болады. Ашық сөйлесу, кәсiби көмек алу, сенiмдi қайта қалпына келтiру және ортақ мақсаттарға ұмтылу – бұл процесстiң негiзгi кезеңдерi болып табылады. Мұндай жолдар арқылы некенi қайта қалпына келтiрiп, оны ұзақ уақыт бойы сақтау мүмкiн болады.

Қоғамдық көзқарас та некенi қайта қалпына келтiруге әсер етедi. Қазiргi қоғамда неке институты маңызды болса да, бұзылған некелерге деген көзқарас өзгерген. Кейде қоғам бұзылған некенi қабылдауға дайын емес болуы мүмкiн. Алайда, некенi қалпына келтiруге деген күш-жiгердiң өзi қоғамда отбасылық құндылықтардың қайта жаңаруы мен нығайуына ықпал етуi мүмкiн.

Сонымен қатар, рухани аспектiлер де маңызды орын алады. Дiни тұрғыдан алғанда, көптеген дiндер неке бұзылған кезде кешiрiм мен қайта қалпына келтiрудi қолдайды. Бұл тұрғыдан алғанда, некенi қайта қалпына келтiрудiң басты мақсаты

– тек жанұяны сақтап қалу ғана емес, сонымен қатар адамдардың өздерін, сенімдерін және рухани құндылықтарын қайта табуы болып табылады [4:64].

Бұзылған некені қайта қалпына келтіру – бұл тек жеке адамдардың мәселесі емес, бүкіл қоғамның және мәдениеттің мәселесі. Оған жеке тұлғалардың күш-жігері ғана емес, кәсіби көмек, қоғамдық қолдау және рухани аспектілер де әсер етеді. Адамдар өздерінің некелерін сақтап қалу үшін барлық күш-жігерін салып, бір-бірін түсініп, құрметтеу арқылы еңсеруге болады. Неке – бұл тек әлеуметтік институт қана емес, сонымен қатар адамның ішкі жан дүниесі мен өмірлік мақсаттарын айқындайтын маңызды құндылық. Сондықтан, бұзылған некені қайта қалпына келтіру тек отбасылық тіршілік емес, жалпы адамдық бейбітшілік пен үйлесімділікке деген талпыныс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кодекс Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье» ЖШС «ЮРИСТ» 2023 г.
2. Жакупов Б. От заботы о родителях до лишения родительских прав // Заң және заман. - № 4. - 2023.
3. Лунькова И.А. Тайна усыновления: сравнительно-правовой анализ законодательства Республики Беларусь и зарубежных странах // Труды международной научно-практической конференции. - 3- том, Шымкент, 2021.
4. Куралбаева Ш.У. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде отбасы және неке ерекшеліктері // «Орталық Азияның жоғары білім беру аймағы: аймақтық ынтымақтастық, ұлттық реформалар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. - 2 том, Шымкент, 2023.

ӘОЖ 331.101.3:347.966

СУДЬЯЛАРДЫҢ КӘСІБИ ЭТИКАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Оспанов А.У., «Құқықтану» ББ 2-курс магистранты
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан Республикасы

Әр саланың және сол саладағы лауазым иелерінің өзінің құқықтық - әдеп нормалары болатыны белгілі. Бұл қатардан судья да тыс қалмайды. Құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының ішінде судья ерекше орын алады. Халық судьясы институтының пайда болуы мен дамуының тарихында халық соттарын іріктеудің өлшемдеріне елеулі өзгерістер енгізген сот құрылысы жөніндегі заңнама актілерінен көруге болады.

Қазақ тарихына үңілсек, Әйтеке, Қазыбек, Төле билер «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағидамен түрлі дауды, қылмысты бір ауыз сөзге тоқтатып, әр істе әділ шешіп отырған болатын. Есім ханның «ескі жолы», Қасым ханның «қасқа жолы», Әз Тәукенің «жеті жарғы» заңдар жинағы қоғамдық кез келген қатынасты ретке келтіріп, әрбір жанды заңға жүгіндіре білді. Қазақ билері хан билігінің тізгінін тарттырып отырумен қатар елдің ішіндегі үлкенді-кішілі

дауларға бітім айтып, оның ушықпай бітіп оқытуына үлкен ықпал еткен. Қазақ ішіндегі сот билігі, сот ісін жүгізу осы билердің қолында болғандығын белгілі ғалым С.З. Зиманов [1] пайымдап берген. Бұл мәселені М. Қуанышбековтің де ғылыми мақаласынан кездестіреміз. Билердің үлгілі, әдептен озбаған шешімдеріне талдау жасаудың өзі бізге билердің билік шешімдері ел мүддесін көздеген тапқыр да, әділ шешім, ол қазақ әдеп, құқығының бірден-бір қайнар көзі [2]

Заңгерлердің ертеңгі бейімдік қызметіне қажетті құқықтық кәсіби әдептің төркіні халқымыздың әдет-ғұрып, салт-санасында жатқандығы, ол заңгердің құқықтық әліппесі екендігі де зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған [3]. Халық судьясы Кеңес мемлекетінің алғашқы күндерінде пайда болды. Қазан төңкерісіне дейінгі Ресейдің саяси билігін басып алып, заң мекемелерін жойғаннан кейін Кеңес мемлекетіне өзінің құрылымдық түрі, қызмет мазмұны жөнінде және судьялар құрамы бойынша жауап беретін жаңа сот құру қажеттілігі туындады. Кеңес мемлекетінің алғашқы соттарын ұйымдастырудың маңызды принциптері сот жөніндегі 24 қараша 1917 жылғы №1, 7 наурыз 1918 жылғы №2, 20 шілде 1918 жылғы №3 Декреттерінде және 1918 жылғы Конституцияда бекітілді. 1921 жылғы 28 желтоқсандағы Кеңестердің IX Бүкілресейлік съезінде өмірдің барлық саласында революциялық заңдылықтың қатаң бастамаларын ендіру қажеттілігі атап көрсетілді.

Судьяны теориялық дайындау сияқты өлшемдер көрсетілген 1922 жылғы халық соттары туралы Ережеден айырмасы – барлық кейінгі заң актілерінде судьяны жұмысқа арнайы даярлауға байланысты шарттар айтылмаған. 1926 жылғы сот құрылысы туралы Ережеде заң органдарындағы жұмыс міндетті шарт деп көрсетілмеді. 1938 жылғы Сот құрылысы туралы заң бойынша халық судьясы үшін міндетті шарт есебіне жас мөлшері қосымша өлшем болып енгізілді.

Ал қазіргі жағдайға келсек сот және құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіру - басты мәселелердің бірі. Қоғам әлемдік практикада сыннан өткен тәжірибені ескере отырып, демократия, нарық экономикасы, гуманизм мен әлеуметтік әділеттік принциптеріне негізделген Қазақстанның сапалық жаңа, шынайы құқықтық жүйесін жасау мақсатында шұғыл түрде терең, кешенді құқықтық реформа жасау қолға алынды. Сот жүйесін реформалау, судьялардың әлеуметтік беделін арттырып, сот органдарын жеке адамның құқығы мен бостандығының сенімді кепілгері етуге, қоғамдық қарым-қатынастардың субъектілерінің арасындағы дау, тартыстардың заңды, әрі әділетті түрде шешілуіне, судьяларды, олардың отбасы мүшелерін құқықтық және әлеуметтік қорғау мәселелеріне бағытталған [4].

Қазақстан Республикасының Конституциясы сот билігіне ерекше көңіл бөліп, сот пен судьяның қоғамдағы ролі мен орнын айқындай түсті. Қоғамдық құрылымдағы өзгерістер, әсіресе кейінгі жылдары кең дамып келе жатқан демократиялық құрылым, соттың рөлін бұрынғыдан да күшейтіп, оның мәртебесі мен құқығын көтере түсуде. Сот билігінің беделі мен шынайы тәуелсіздігі көптеген факторларға байланысты, соның ішінде соттарды жасақтау тәсілінің, судьяның өкілеттігін тоқтату тәртібінің, судья және оның кәсіби мамандығы деңгейінің мәні зор.

Қазақстан Республикасының атынан сот билігін жүзеге асыратын тұлға – судья. Сондықтан да халық әділеттілікті аңсаған жағдайда, судья шешімінің ақиқаттығына жүгінеді. Профессор К.Х. Халиқов берген судья ұғымының мазмұнын толықтыра отырып, мемлекет атынан жеке немесе сот құрамында заңда белгіленген тәртіппен сот істерін қарап, кінәсіз адамдарды жауапкершіліктен босатып, ал кінәлі адамдарға айыптау үкімін шығаратын, қажетті жағдайда мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолданатын, тәуелсіз, тек қана заңға бағынатын, биліктің өкілі деген тұжырым жасауға болады. Сондай-ақ, судья-заң өкілі, заңдылықты қалпына келтіруші маман ретінде Конституцияның, заңдардың орындалуын мақсат тұтады. ҚР Президентінің «ҚР-да құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығында судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болуы, тек қана Конституция мен Конституциялық заңдарға бағынатындығы, сот төрелігін тек соттың ғана жүзеге асыратыны, адамды қылмыс жасауда кінәлі деп тану, тек заңға қатаң сүйене отырып шығарылған соттың айыптау үкімінің негізінде ғана мүмкін болатыны, тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы сияқты негізгі бағыттарды белгілеп берген [5].

Сот билігін әділ жүзеге асыру үшін ғылыми даярлығы жеткілікті, мол тәжірибесі бар, жоғары білікті судьялардың болғаны дұрыс. Сот билігін арнайы даярлықтан өткен адамдардың неғұрлым білікті атқаруы демократиялық негіздерді бәсеңдетпейді, керісінше, күшейтіп, тереңдете түседі. Ақпарат көлемінің ұлғаюы, қоғамдық процестің жеделдеуі, адамдар психологиясының өзгеруі, өмірдегі шындықтар соттардың бүгінгі күнгі жұмысын күрделендіре түседі. Осының бәрі сот жүйесінде қызмет істейтін адамдардың зор құзыреттілігін және осы санаттағы қызметкерлердің белгілі бір дәрежедегі тұрақтылығын объективті түрде талап етеді. Қазіргі судьялардың арнайы біліміне, кәсіби даярлығы мен тәжірибесіне, сондай-ақ адамгершілік сапасына қойылар талап өте жоғары деңгейде. Осы талаптардың судья рөлінің айрықша маңыздылығы мен жауаптылығын айғақтайтыны өзінен-өзі түсінікті. Істің мәнін жан-жақты, толық және объективті зерттеуді қамтамасыз етуде, оны дұрыс, заңды, әділ шешу үшін судьяның жеке басы бұл іске мүдделі болмауы керек.

Әділдікке жету жолында Қазақстан Республикасының әрбір судьясы мінсіз, қажырлы еңбек етіп, кәсіби деңгейін жетілдіретін табыстарға жетуі қажет. Егер қандай да болсын шығарылған үкімнің, шешімнің құрамында ақиқат та, шындық та, әділдік те болмаса, онда мұндай үкімдер, шешімдер – халықтың сот пен судьяға деген сенімін жоғалтады, сот органдарымен судьяның абыройын төмендетеді, беделін түсіреді. Демократиялық қоғамды жетілдірудегі ғылымның орны, білімнің, мамандардың біліктілігін арттыру деңгейі, басқа да факторлар судьялар тұлғасының өсуіне әсер етеді. Судья - өзінің қызметін атқаруда, сот билігін жүзеге асырушы ғана емес, құқық саласындағы жетік маман, құқықтық рухани мәдениеті жетік тұлға [6].

Демократиялық мемлекетіміздің дамуына қарай судьялар мәртебесі де жетіле түседі және әлеуметтік дамуға да көп әсері болады. Судья бұзылған құқықты қалпына келтіруде, құқық бұзушыны жазалау мүмкіндігінің болуы, азаматтардың заңды құрметтеуіне әсер бар.

Сот пен судьяның ісіне бақылау жасаудың көптеген түрлері оны жүзеге асыруға кедергі жасамайды, керісінше кең тараған қоғамдық пікір, көзқарастар олардың жұмысына тиісті баға беруге ықпал етеді, ең маңыздысы сот зерттеуінің жан-жақты әрі толыққанды болуына әсер етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік бақылау халықтың арасында сот ісінің беделін көтереді, бұл өз кезегінде азаматтардың заңды құрметтеу мінез-құлқын қамтамасыз ету мүмкіндігін кеңейте түседі. Сонымен бірге, заңның беделін көтеру құқықтың нормаларын мәжбүрлеп орындату мүмкіндігіне қарамай, оған деген құрметтің өсуі оны ерікті қолдану аясын кеңейтеді және құқық қорғау органдарының лажсыз араласу аясын қысқартады. Бұл жағдайда заң беделі азаматтардың құқық қағидаларын орындауды қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Судьяның абырой беделіне ықпал ететін негізгі шарттар:

1. Сот жүйесінің бірлігі және мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ретіндегі сот әділдігінің әлеуметтік қызметі.

2. Мемлекеттік билікте соттың алатын ерекше орны – тәуелсіздігі және оның тек қана заңға бағынатындығы, сондай-ақ мемлекет атынан сот әділдігін жүзеге асырып, мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолдану құқығы. Судьяның абырой-беделін қолдау құқықтық тәрбие тұрғысынан қарағанда ең алдымен азаматтардың заңды құрметтеу және оны ерікті орындау қажеттілігі – бұл сот билігін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасайды. Судьяның жоғары құрмет-беделі оның объективтігіне, істі зерттеу мен бағалау кезінде алдын ала теріс пікір жасамауын судьяның (соттың) дұрыс және әділ шешім қабылдауына азаматтардың көзін жеткізуге жұмыс істейді. Билік өкілеттігінің болуы әдетте абырой-беделдің жоғарғы деңгейін байқатады. Осындай абырой-бедел билікті тиісінше пайдалануды және оны жүзеге асыруда белгілі-бір тәуелсіздікті анықтайды.

Судьяның беделі тұлғаның құқығы мен заңды мүддесі бұзылған немесе бұзылуы мүмкін жағдайда азаматтың сотқа көмек сұрап шағымдануын жеңілдетеді, азаматтың сотқа алғашқы шақыру бойынша-ақ келіп, соттың талабына сөзсіз бағынуын көтермелейді, сотта берілген сұраққа шын жауап беруге оң жағдай туғызады. Судьяның қоғамдағы орны, сот атқаратын іспен, яғни заңдылық пен құқық тәртібін қорғау, сот әділдігін жүзеге асыру, сот төрелігін ешқандай кедергісіз, ешкімнің нұсқауы мен бұйрығынсыз, тәуелсіз жүзеге асыру маңыздылығымен мәлім. Еліміз өркендеп, жеке мемлекет болып қалыптасуы үшін, саяси және экономикалық бағдарламалардың көптеп жасалынғаны белгілі. Сот жүйесін реформалау Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 1 ақпандағы Қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы құқықтық реформасының мемлекеттік бағдарламасынан» [7] басталды.

2000 жылы 25 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң [8] қабылданды және де осы заң сот жүйесін реформалау бағдарламасының үлкен бір бөлігіне айналды. Сот жүйесін реформалау барысындағы жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде жеткен жетістіктер өте елеулі. Біріншіден, сот жүйесі толықтай атқару органдардың ықпалынан босатылды, бұрынғы кеңестік жүйе кезінде қалыптасқан қоғамдағы сот жүйесіне деген көзқарас біріндеп жойылып, соттың тәуелсіздігіне, оның ішінде

судьяның іс қарау кезіндегі жеке тәуелсіздігіне және шығарылатын сот шешімдерінің әділдігіне деген сенім артты.

Осы реформалардың аясында судьялардың мәртебесі нығайтылып, судьяның жеке басының және отбасының, дүние мүлкінің қауіпсіздігі Конституциялық заңмен реттеліп, мемлекет қорғауына берілді. Мемлекет тарапынан судьялардың мәртебесін көтере отырып, оларға қойылатын талаптар да күшейтіліп, судьяларды жауапкершілікке тарту механизмдері де бірнеше заңдар мен заңнамалармен реттелген. Соның бірі – Сот әдебінің (этикасының) кодексі. Сот этикасының кодексі тұңғыш рет судьялардың бірінші съезінде 1996 жылы қабылданған. Қазіргі қолданыста жүрген Судья әдебі Кодексі 2024 жылы 4 қазанда Астана қаласында өткен судьялардың тоғызыншы съезінде қабылданды. Кодексте судьялардың өзіне және оның тәртібіне қойылатын жалпы талаптардан басқа, судьяның сот төрелігін жүргізген кездегі тәртібінің әдептік нормалары, аталған кодексті бұзғаны үшін жауапкершілігі қамтылған [9].

Судья тәртіптің жоғары әдептік стандарттарын сақтауға және соттың тәуелсіздігін нығайтумен оны құрметтеу мақсатында осы қағиданы ұстануға тырысуы тиіс. Әрбір судья сот билігінің тәуелсіздігі мен беделін нығайтуға, өз кәсібінің қадірін арттыруға ұдайы қамқорлық жасауға, сот төрелігінің бейнесі мен беделін жақсартуы да заман талабы. Сот төрелігін жүзеге асыру судьяның негізгі міндеті болып табылады, осы кодексте келтірілген қағида, сонымен бірге, судьяның ғылыми және педагогикалық қызметпен айналысу кезіндегі және қызметтен тыс кезіндегі тәртібін де реттейді. Судья өзінің қызметтік парызын орындау, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтау кезінде үлгі көрсетуге, судья антына адал болуға, судья әдебінің кодексінде көрсетілген судья тәртібінің қағидаларын қатаң ұстануға тиіс. Қандай жағдайда болмасын өзінің қадір-қасиетін сақтай білуге, өзінің арын қастерлеуге, сот билігінің беделін түсіретін, судьяның абырой-беделіне нұқсан келтіретін және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде оның объективтілігі мен тәуелсіздігіне күмән тудыратын жағдайлардың бәрінен аулақ болуға тиіс. Судья өзінің айналасындағы адамдардың оның қызметіне ықпал етуіне жол бермеуі қажет. Сонымен қатар, қызмет бабын өз мүдделері, отбасы мүшелерінің, туыстары мен жақындарының мүдделері үшін пайдалануға құқығы жоқ. Судья мұқият анықталған фактілерге сүйене отырып, заңдарға және ар-ожданына сәйкес шешім қабылдауға тиіс. Ол өзінің кәсіби қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының заңдарын және басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алуға, шығаратын сот актілерінің қоғамда қабылдануына, соттың әділдігі, бейтараптығы мен тәуелсіздігіне деген сенімінің орнығуына жәрдемдесуге міндетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы: Атамұра, 2008.–216 б.
2. Қуанышбеков М. Қазақ билерінің үлгілі билік – шешімдерінің кейбір ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы. – Құқықтану сериясы. – 2011. – №2. –17-19б.

3. Серімов Е. Дәстүр мен салт-ұждан­дық әрекеттердің көрінісі немесе билер сотының жаңғыру үрдісі туралы ой // Заң. – 2008. – №11. – 44-46 б.
4. Ғабитов Т.Х. Этика негіздері. – Алматы; 1997. – 180 б.
5. Омаров Н. Судьяның әділдігі – сот беделін өсіреді // Заң. – 2010. – №8. –8-11б.
6. Халиков К.Х., Серімов Е.Е. Сот шешендігі. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006. – 218 б.
7. Қазақстан Республикасы құқықтық реформасының мемлекеттік бағдарламасы. – Алматы, 1994. – 1 ақпан.
8. Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы Конституциялық заңы 2000 жылы 25 желтоқсанда қабылданды // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51021164
9. Судья әдебі Кодексі (кезекті ІХ съезінде 2024 жылы 4 қазанда қабылданды) // <https://online.zakon.kz>

ӘОЖ 331.101.3:347.965

ЗАҢҒЕРДІҢ НЕГІЗГІ КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІНІҢ, ЭТИКАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Оспанов А.У., «Құқықтану» ББ 2-курс магистранты
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Конституциясында [1] кепілдік берілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңның бұзылуын болдырмауға және құқық тәртібін нығайтуға жәрдемдесу заңгердің кәсіптік міндеті мен биік адами борышы болып табылады. Осыған байланысты, заңгерлік кәсіп қолданыстағы заңнама талаптарын дәл және сөзсіз орындауды, заңгердің мінез-құлықтық әдептік нормаларын бұзбауды, өзіне заң көмегі үшін жүгінген адамды заңда көзделген барлық құралдармен және әдістермен қорғауды талап етеді. Заңгер заң көмегін көрсету кезінде мынадай кәсіби тәртіптерді сақтауға тиіс:

- көп күш-жігер не уақыт жұмсауды талап ететін қажетті әрекеттер жасаудан жасқанбай ыждағаттылық пен құлшыныс білдіру, бұл осы қызметті ешбір асығыстық жасамай және жеңіл-желпі қарамай, яғни тапсырылған істі адал, мұқият және білімдардықпен орындап, кеткен уақытпен санаспай атқару керектігін көрсетеді;

- заң мәселелерін қарап жатқан органдар мен лауазымды адамдарға қатысты өзін әдепті ұстау, яғни оның сөйлеген сөзі, кепілдемесі, өтініші және басқа да іс-әрекеті мемлекеттік органдардың беделіне нұқсан келтірмейтіндей дәрежеде болуға тиіс;

- өз кәсіби мінез-құлқын көмек сұрап өтініш жасаған адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне сәйкес қалыптастыра және тежей отырып, істі негізсіз сөзбұйдаға салуға, заң көмегін көрсетудің заңсыз әдістеріне, алдауға жол бермеуге, егер жүгінушінің талабы заңға қайшы болса немесе ол өз мүдделерін қорғау үшін

заңға томпақ құралдар мен әдістерді қолдануды талап етсе, заңгер оған заң көмегін көрсетудің бас тартуға міндетті [2].

Жәрдем сұрап өтініш жасаған адамның мүдделеріне адал болу және оның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасамау, яғни заңгер жүгінушінің мүддесін қорғаудың барлық заңды құралдар мен әдістерін пайдалануға, ешбір жағдайда да бұрынғы, сондай-ақ енді өтініш жасаған адамдардың мүддесіне қайшы келетін әрекетке жол бермеуге, істің заңды шешілімі аяқталғанға дейін өзіне қабылдаған міндеттемеден жалтармауға тиіс. Осы қағидалардың бұзылуы кәсіби әдептің бұрмалануы, ал кейбір жағдайда тәртіптік жазаның қолданылуына әкеп соқтыратын кәсіптік парызды орындамау болып саналады.

Этикалық категориялардың ерекшеліктерін, түрлерін және мәнін қарастырудың теориялық қана емес, жалпы әдістемелік те маңызы өте зор. Оларсыз кәсіби этикалық категорияларды талдау мүмкін емес, себебі, олар жалпы этика категорияларының нақтыландырушысы болып табылады. Бұл категориялардың сандық ауқымы өте кең, сондықтан да, зерттеуші Т.Х. Ғабитов [3] этикалық категориялардың ерекшеліктері мен әлеуметтік функциялары туралы айта келіп, заңгер кәсібіндегі кәсіби борыш пен абырой, қайырымдылық пен зұлымдық, әділеттілік, бақыт, ар-ұят сынды этика категорияларына кеңінен тоқталған.

Ізгілік пен зұлымдық - этиканың ортақ категориялары. Ең абстрактілі деңгейде ізгілік пен зұлымдықты адамгершілік пен оның жоқтығының баламасы деуге болады. Ізгілік арқылы адамдар өздерінің ортақ мүдделерін, талап-тілектерін, болашақтан үмітін танытады. Сонымен, ізгілік шапағатымен өмір гүлі өсіп, тамыр алса, зұлымдық адам өміріне балта шабады. Ізгілік категориясына барлық оң қылықтар жинақталған.

Ар, намыс, ұят - абырой ұғымдарының бір-бірімен тығыз байланыстылығы соншалық, оларды бөліп-жарып қарастырудың өзі қиын. Неміс философы Канттың жүрек тебіренерлік мынадай жолдары бар: "Бұл әлемде өзінің шексіздігі мен ғаламаттылығы тұрғысынан адамды таңдандыратын тек екі нәрсе ғана бар: төбемдегі мәңгілік шексіз аспан және менің ішкі жан дүниемдегі адамгершілік заңы". Осындағы адамгершілік заңының жүзеге асуын қадағалаушы - ар мен ұят. Ұят - адамгершіліктің жемісі, сонымен қатар ардың қосшысы. Ұят жоқ жерде әдеп, инабаттылық жоқ. Ненің ұят және ненің ұят еместігі туралы түсініктердің барлық жерде әр түрлі екенін айта кету керек.

Ұят - адамның өзінің қоршаған ортасында қалыптасқан ортақ нормаларға немесе қауымның өзінен күткен биіктеріне сай келмегендігін сезінуден туындайтын қолайсыздық күйі. Армен және намыспен салыстырғанда ұят ішкі, өзіңмен-өзің қалатын күй емес, басқалардың, қоршаған ортаның көзқарасымен анықталатын күй. Өйткені, адам өзі жасаған келеңсіз әрекеті, қылығы үшін басқалардан еститін сөзді ойлап, олардың өзі туралы көзқарастарының бұзылатындығына қам жейді.

Абырой - адамның өз іс-әрекеттерінің тиесілі адамгершілік мұраттарына сәйкес пайда болатын өзіндік жетістік. Ар мен намыс арқылы адамның өз қылықтарын парыз, міндет, тиесілі бағалай білетіндігі көрінеді. Адамның парызы сияқты ары мен намысы да өзіндік, ешкімге тәуелсіз дүние.

Парыз - адамның моральдық мұратқа байланысты қойылған талаптарды орындау қажетті. Адамның парызы ізгілікке еру, өзі сияқты басқаларға мүмкіндігінше көмек көрсету, зұлымдыққа жол бермеу сияқты әрекеттерден құралады.

Әділеттік - ізгіліктің нақтыланған өзіндік түрі. Ол адамды қоғамның елеулі, марапаттауы түрінде көрінеді. Әділеттік - тарихи қалыптасқан ұғым. Алғашқы қауымдық құрылыста әділеттікті табу, талион ұстанымдарының маңынан көруге болатын. Ол кезде әділеттілік есесін жібермеу, орынды жазалау түрінде қарастырылатын. Әділеттілік категориясы біздің ойымызша әрбір құқық қорғау саласындағы маман үшін ең маңызды категория. Әділеттілік заң маманның әр әрекетінен көрініс табуы керек және оны ол маман іске асыруға тікелей міндетті, борышты болып саналады. Себебі, адам тағдыры – ең маңызды категория.

Құқық қорғау органдарының қызметкерінің кәсіби борышы қоғамдық борыштың құрамдас бөлігі бола тұра, өзінің объективтік және субъективтік көрінісі бойынша адамгершілік сипатқа ие. Құқық қорғау органдарында борышқа олардың қызметкерлерінің қызметін тікелей реттеуші құрал ретінде мән беріледі. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жүріс-тұрыс механизмі, олардың ұжымындағы адамгершілік қатынастардың мәні үш маңызды факторға негізделеді. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің басым көпшілігі - абыройдың адамдары. Бұл қасиет олардың қызметтік борышты орындауында көрініс табады. Оның ерекшелігі бейбіт өмір кезінде де қайраттылықты, ұстамдылықты, өз ісіне жан-тәнімен берілуді талап етумен сипатталады. Әрине, олар өз қызметінің маңыздылығы, борышты орындаумен байланысты тұрақты қауіп туралы ешкімге жария салып айтпайды. Олар өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарады, халық осы үшін де оларға риза. Құқық қорғау органдары қызметкерінің абыройын ол өзі қызмет етіп жүрген ұжымның, бөлімшенің абыройынан бөліп қарастыруға болмайды. Сол себепті де, ол өзінің қызметтес серіктерін ұятқа қалдырарлықтай әрекеттер жасамауға тырысады.

Қазіргі кезде заң саласында әрбір құқық қорғау қызметкерінің өзінің кәсіби қызметіне артқан жауапкершілігінің этикалық критериилерін анықтау қажеттілігі туралы мәселе басты назарды аудартады. Ол моральды принциптер мен нормаларды қабылдауда бір бағыт қалыптастыруда, мағынасын нақтылауға, құндылықтар мен идеалдардың ортақ жүйесін құрастыруды талап етеді.

Бұған қоса осы сала мамандарының ұжымдық жауапкершілік мәселесі де маңызды болып келеді. Әрбір кәсіби топ, әсіресе егер ол өзінің кәсіби ассоциацияларын құрса, өзінің жеке кәсіби қызығушылықтарын қолдауға және сақтауға тырысады – мысалы, мамандықтың келешегі мен статусын арттыру, кәсіби қызметтің дамуына субсидия алу, т.б. Алайда бұл қызығушылықтар әлеуметтік мәселелер мен жалпы кәсіптік мазмұнның шешімінде жүзеге асатын болса ғана іске асырылады. Сондықтан құқық қорғау сала мамандарының кәсіби этикасының негізгі міндеттерінің қатарына корпорациялық қызығушылықтар мен мақсаттар, кәсіби қызметтің міндеттерімен, сонымен қатар қоғамның және оның әрбір мүшелерінің қызығушылықтарының қарама-қайшылықтарды тудырмауға тырысуы жатады. Сонымен, құқық қорғау органы мамандарының этикасының зерттеу объектісі мамандардың кәсіби моралі болып табылады, ал пәні – жұмыс

процесінде қалыптасатын заңгер қызметкердің этикалық қарым-қатынастары, этикалық санасы және этикалық іс-әрекеттері. Маман этикасының басты категорияларына оның кәсіби этикалық қарым-қатынастары, этикалық санасы, этикалық іс-әрекеттері және кәсіби парызы жатады.

Сала бойынша кәсіби этикалық қызмет процесінде қалыптасатын басты этикалық қарым-қатынастар «адам – адам» жүйесінің қоғамға және жеке тұлғаға жақсылық жасау жолына негізделетіні айтылды. Бұл қарым-қатынастар ұжым мүшелері ретінде заң қызметкерлер арасында, заң қызметкері мен олардың клиенттерінің арасында, заң қызметкері мен клиенттің әлеуметтік ортасының арасында, заң қызметкері мен әр түрлі мекемелер, ұйымдар, жеке меншік түрлері арасында қалыптасады. Этикалық қарым-қатынастар талаптар формасында; адамгершілік принциптері; моральды қабілеттер; мамандардың өз қызметіндегі үнемі өзін-өзі ұстау және бақылау формасында жүреді.

Маманның этикалық санасы кәсіби қарым-қатынас процесінде қалыптасатын қызметкердің әлеуметтік өмірі мен қызметін көрсетеді. Бұл сана моральдың субъективті көрінісі болып келеді, себебі объективті әлеуметтік қажеттіліктер мен қоғамдық мүдделер маманның немесе кәсіпкердің санасында міндеті тәртіптер мен іс-әрекеттер идеясы ретінде көрінеді. Бұл сананың ерекше формасы өзіндік адамгершілік нақтылықты береді: тәртіп пен қызмет енді қажеттіліктер тұрғысынан қарастырылмайды, ол олардың моральды құндылықтарын толық, жан-жақты зерттейді. Қызметкердің кәсіби міндеті, адамгершілік тұрғысынан қарағанда, жақсылық болып табылады. Бұл жақсылық тек қана қоғамға немесе клиентке қажет болғаннан емес, сондай-ақ ол қызметкердің өзіне де қажет. Құқық қорғау саласы кез келген қызмет сияқты, мораль және адамгершілік позициясымен бағаланатын нақты құрылымдық элементтермен ерекшеленеді.

Құқық қорғаушының өзінің алдына қойған мақсаты, жалпы айтқанда, мына формуламен айқындалуы мүмкін: «мәселені шешу және клиенттің өмірлік шарттарын жақсарту». Клиент, негізінен, өзінің мақсатын бұдан да айқын қалыптастырады. Бірақ клиенттің мақсаты әрқашан орындала бермейді – бұған әлеуметтік қорғау жүйесінің мүмкіндіктері және нақты әлеуметтік қатынастар, клиент үшін соңғы нәтижесінің объективті құндылығы, этикалық мақсаттар және басқа да факторлар әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, заң қызметкері мақсаттың этикалық тиімділігін бағалай отырып, клиенттің мәселесін шешу үшін нақты іс-әрекеттерді жоспарлай отырып, өзіне жеке жауапкершілік артады. Егер заңгер клиент және оның әлеуметтік ортасы үшін жұмыс нәтижесінің мүмкін болатын құндылығын бағаласа, ол қойылған мақсат бойынша әрекет жасамау дұрыс болатынын айтады, ол өзінің ойын анық, нақты түсіндіріп, клиентке өзінің дұрыстығын дәлелдеу керек.

Әр адам шындықты немесе ақиқатты, заттар, құбылыстар немесе іс-әрекеттерді, өзінің ішкі жан дүниесімен байланыстырады. Қызметкер әрқашан өзінің қызметін тек жалпы қоғамдық немесе кәсіби құндылықтар тұрғысынан ғана зерделемей, сонымен қатар өзінің құндылықтар жүйесінен, мораль және адамгершілік туралы өз пікірлері арқылы да жұмыс істейді. Егер заңгер қызметкер тұлға ретінде өзін адамдарға қажет екенін сезінсе, егер ол әлсіз адамдарды қорғауға

дайын болса, егер ол өзінің клиенттерінің табыстарына қуанса, және олардың жетістіктеріне мақтау айтса, онда қалыпты мотивацияның орны бар деп айтуға болады. Сондықтан клиентпен ортақтасу сезімі, оның тағдыры үшін жауапты болу, пайдалы болуын қажетсіну, және жақсылық жасау - әлеуметтік қызметкердің оқу және практика жүзінде дамып отыратын тәртіп пен қызметтің қажетті мотивтері [4].

Легитимизация ұғымының астарынан заңгердің өзінің міндеттерінің негізіне үңілетін құқықтық негіздемелер түсіндіріледі. Бұл мекеменің қызметін, құқық қорғау органдарының және олардың қызметкерлерін бақылайтын барлық нормативті-құқықтық база. Қызметкердің міндеттерін легитимизациялайтын құжат ретінде, олар заң негізінде жүзеге асатын мақсаттар мен міндеттерге қарсы болмауы тиіс. Мақсаттардың сәйкестігі мен мақсатқа жетудің тәсілдері этиканың негізгі сұрақтарының бірі болып табылады. Қойылған мақсатқа жету үшін материалдыдан бастап қызметкер оған барлық мүмкін болатын, қолайлы, заңды тәсілдерді қолданады – рухани құндылықтарға дейін. Тиісті құралдарды таңдау кезінде этикалық принциптерді ұстану керек, оның ішіндегі ең бастысы және барлық қызмет үшін ең маңыздысы «зиян келтірме» деген принцип болып табылады. Сондықтан заңгер үшін заң жүзіндегі, қоғам қабылдаған, жоғары моральды құндылықтары бар құралдар мен тәсілдерді таңдау керек. Заңгердің әрекетке көшу шешімі, бұл жолдар немесе тәсілдер клиентке және қоғамға қандай пайда әкеледі дегенге негізделіп, нақты білім жүйесінде іске асырылуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы – Алматы: Юрист, 2022.
- 2 Серимов Б. Заңгер этикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 150 б.
- 3 Ғабитов Т. Х. Заңгер этикасы. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. – 110 б.
- 4 Боннер А.Т. Законность и справедливость в правоприменительной деятельности. – М., 1992. – 156 с.

УДК 343.915

ПРЕСТУПНОСТЬ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ: ПРИЧИНЫ, ДИНАМИКА И МЕРЫ ПРОФИЛАКТИКИ

Падерина Т.Е., Скакова К.С.

Научный руководитель: Алембаев К.О., доктор PhD, профессор кафедры
«Права и международных отношений»

Казахстанско-Американского свободного университета
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

Преступность несовершеннолетних остается одной из сложных и противоречивых социальных проблем, затрагивающих интересы не только правовой системы, но и общества в целом. Молодое поколение, находящееся в стадии формирования моральных и правовых установок, оказывается

подверженным различным негативным факторам, способным провоцировать противоправное поведение.

Сложность проблемы заключается в том, что подростки зачастую совершают преступления под влиянием социальной дезадаптации, неблагоприятной семейной обстановки, недостатков воспитательной среды или воздействия асоциальных групп. В то же время преступность несовершеннолетних характеризуется высокой степенью податливости к профилактическим и реабилитационным мерам, что делает эту сферу особенно важной для государства и общества.

Актуальность исследования данного феномена обусловлена его прямым влиянием на качество жизни общества в будущем. Несовершеннолетние, вовлеченные в преступную деятельность, чаще сталкиваются с трудностями социальной интеграции, что может привести к их повторной криминализации уже во взрослом возрасте. Таким образом, решение проблемы подростковой преступности требует не только эффективного правового регулирования, но и разработки комплексных социально-педагогических мер, направленных на предупреждение девиантного поведения.

В рамках настоящей работы делается попытка рассмотреть ключевые причины преступности несовершеннолетних, а также определить наиболее действенные механизмы профилактики и реабилитации, учитывающие современные вызовы и тенденции. Особое внимание уделено межведомственному взаимодействию, роли семьи, образовательных учреждений и органов правопорядка в решении данной проблемы

Преступность несовершеннолетних – совокупность преступлений, совершенных подростками, которым ко времени совершения преступлений исполнилось четырнадцать, но не исполнилось восемнадцать лет. [1]

Причины и условия преступности несовершеннолетних могут быть разнообразными и взаимосвязанными. Социальная среда, в которой растет подросток, играет ключевую роль, и неблагоприятные семейные условия, включая разводы, насилие или недостаточный родительский контроль, могут вызвать у него чувство незащитности, стресс и агрессию. Эти эмоциональные расстройства порой становятся основными катализаторами для совершения преступлений, так как подростки ищут выход для реализации своих эмоций или пытаются найти способы компенсировать дефицит внимания и заботы.[2]

Не менее важным фактором являются экономические условия. Неспособность семьи обеспечить базовые потребности, низкий уровень доходов или отсутствие перспектив трудоустройства часто подталкивают подростков к совершению преступлений, связанных с материальными благами. Преступления, такие как кражи, грабежи или наркоторговля, могут стать для молодежи способом быстро удовлетворить свои потребности и получить средства для жизни, что особенно остро ощущается в условиях экономической нестабильности [2].

Психологические причины преступности среди несовершеннолетних также играют ключевую роль. Низкая самооценка, неуверенность в себе, трудности в общении, психические расстройства и психологические травмы, полученные в семье или школе, могут стать причинами агрессивного поведения и

антисоциальных поступков, которые в некоторых случаях приводят к правонарушениям.

Влияние окружающей среды и сверстников также не стоит недооценивать. Влияние окружения, включая друзей, родственников, вовлеченных в преступную деятельность, пропаганду насилия в социальных сетях и СМИ, а также недостаточное внимание к воспитанию и поддержке подростков в образовательных учреждениях, значительно увеличивает риск формирования криминального поведения у молодежи. Проблемы в учебе, неэффективное вовлечение в школьные мероприятия, отсутствие качественного общения с учителями и педагогами также могут привести к социальной изоляции и, как следствие, к преступному поведению.[3]

Все эти факторы тесно связаны друг с другом и могут усиливать друг друга, создавая замкнутый круг, в котором подростки оказываются все более вовлечены в преступные действия. Понимание этих причин и условий помогает анализировать статистику подростковой преступности.



Диаграмма 1. Несовершеннолетние, привлечённые к уголовной ответственности в период с января по июль 2023 года

В период с января по июль 2023 года в Республике Казахстан несовершеннолетними было совершено 1005 уголовных правонарушений. Наиболее часто фиксировались преступления средней и тяжкой тяжести. Преступления небольшой тяжести, включающие мелкие кражи и хулиганство, зарегистрированы в 102 случаях. Эти правонарушения обычно не наносят значительного ущерба, но свидетельствуют о формировании у подростков антиобщественного поведения. К правонарушениям средней тяжести относится 320 случаев, среди которых выделяются имущественные преступления, насильственные действия и мошенничество. Эти преступления наносят ощутимый вред и часто являются следствием социальных проблем, таких как недостаток контроля со стороны семьи или влияние неблагоприятной среды. Тяжкие преступления, которых было зарегистрировано 484, включают грабежи, разбои и насильственные действия. Такая категория правонарушений требует особого

внимания, так как их последствия существенно влияют на жертв и общество в целом. Особо тяжкие преступления, включая убийства и действия, угрожающие жизни, составили 41 случай. Несмотря на сравнительно небольшое количество таких преступлений, их наличие свидетельствует о высоком уровне девиантного поведения среди подростков. [4]



Диаграмма 2. Несовершеннолетние, привлечённые к уголовной ответственности в период с января по июль 2024 года

В период с января по июль 2024 года в Республике Казахстан несовершеннолетними было совершено 945 уголовных правонарушений. Среди них преступления небольшой тяжести составили 91 случай. Эти правонарушения включают действия, которые не наносят значительного вреда, например мелкие кражи или хулиганство. Относительно низкая доля таких преступлений говорит о том, что основной объем правонарушений связан с более серьезными деяниями. Преступления средней тяжести составили 375 случаев. Это наиболее многочисленная категория, включающая имущественные преступления, мошенничество и действия, связанные с нанесением вреда средней степени тяжести. Высокий процент таких правонарушений может быть обусловлен социальными и экономическими факторами, которые влияют на поведение подростков. Тяжкие преступления зафиксированы в 351 случае. Эта категория охватывает грабежи, насильственные действия и другие правонарушения, наносящие значительный ущерб. Высокий уровень тяжких преступлений свидетельствует о наличии серьезных проблем с социальной адаптацией подростков, а также о влиянии криминальных моделей поведения. Особо тяжкие преступления, такие как убийства и другие действия, представляющие угрозу жизни и здоровью, составили 72 случая. Несмотря на меньшую долю таких преступлений, их наличие вызывает особую тревогу, так как они связаны с самыми серьезными последствиями. Статистика показывает, что подавляющее большинство преступлений, совершенных несовершеннолетними, относится к категории средней и высокой тяжести. Это подчеркивает необходимость усиления профилактической работы, направленной на выявление и устранение факторов, способствующих криминальному поведению подростков. Комплексный подход,

включающий участие семьи, образовательных учреждений и правоохранительных органов, необходим для снижения уровня подростковой преступности.[5]

Сравнив статистику подростковой преступности в Республике Казахстан за 2023 и 2024 годы, можно выделить несколько ключевых изменений. Общее количество правонарушений среди несовершеннолетних уменьшилось, что может свидетельствовать о положительных результатах профилактических мер и улучшении контроля. Однако, несмотря на снижение общего числа преступлений, наблюдается рост доли более тяжких правонарушений, таких как тяжкие и особо тяжкие преступления. Снижение числа преступлений небольшой тяжести и стабильное количество правонарушений средней тяжести может быть связано с эффективностью профилактических программ, направленных на более легкие преступления, а также с изменением социальной ситуации. Однако рост числа тяжких и особо тяжких преступлений требует более глубокого анализа, так как это может свидетельствовать о серьезных проблемах, связанных с социальной адаптацией подростков, влиянием криминальной среды и недостаточной поддержкой со стороны социальных институтов.

